

Мектептегі мерекелер

№9 (183)
2023

тәрбие жұмыстарының сценарийлері

Журнал 2006 жылдың қаңтар айынан бастап екі айда бір рет қазақ тілінде шыға бастады.
2011 жылдан бастап ай сайын шығады

Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал)

МАЗМҰНЫ

Ә. Байсенгер. Ұстаздар – асыл жандар	3
Г. Медина. Қалдырған ізің мәңгілік	5
Ж. Исаева. Мен – өз елімнің патриотымын	8
А. Қалиева. Мағжан Жұмабаев – қазақ лирикасының хантәңірі.....	10
А. Шикебаева. Өз тіліңді құрметте!	14
С. Байжумаева. Ғажайып күз	17
Г. Орынбекова. Ақылды тапқырлар	19
А. Рамазанов. Мектеп көшбасшысы.....	21
Ж. Жепенова. Математикалық дәмхана	25
Б. Зинешов. Отан – отбасынан басталады.....	29
А. Искакова. Шығармашылық ізденіске жетелейді.....	31
Ж. Нурымгереева. Ерлік туралы сыр шерткен	32
А. Таған. Отбасы тәрбиесі – өркениет бастауы	33
Н. Садыкова. Мамандығым – мақтанышым.....	35
Г. Габдешева. Ел рәміздері – ел рухы.....	37
Э. Исмаилова. Бала – әлемнің сәні, өмірдің мәні	43
Ж. Есқараева. «Жарайсыңдар» жұптық сайысы	45

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор:
Гүлжанат ҚҰСТАНОВА

Көркемдеуші және беттеуші:
Нұрзат РАЙМҚҰЛОВА

«Мектептегі мерекелер:
тәрбие жұмыстарының
сценарийлері» журналы

20.05.2010 ж. ҚР Байланыс
және ақпарат министрлігінде
қайта тіркеліп, №10966-Ж
куәлігі берілді.

Басылым индексі: 75489

Басуға қол қойылды
02.10. 2023 ж.
Офсеттік басылым.

Тапсырысы: 326.

Редакцияның мекен-жайы:
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел.: 8 777 194 94 58,
8 777 303 37 67.
Эл.пошта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал <<Print House GERONA>>
баспаханасында басылды.
Алматы қаласы, Сәтбаев көшесі
30А/3, 124-кеңсе.
Тел.: (727) 250 47 40.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Кіршібаева Райхан –
эл-Фараби атындағы
№145 жалпы білім беретін
мектеп директорының
тәрбие жұмысы жөніндегі
орынбасары,
Алматы қаласы.

Төлешова Ұлмекен
Болатқызы –
Абай атындағы Қазақ
Ұлттық педагогикалық
университетінің аға
оқытушысы, педагогика
ғылымдарының кандидаты.
Алматы қаласы.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word файлы ретінде CD дискіге жазып жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөнінізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Факс арқылы, бағалы хат арқылы да редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Ұстаздар – асыл жандар



Әділбек
Абылайұлы
БАЙСЕНБЕР,
Қорқыт ата
атындағы
балалар музыка
мектебінің
баян класы
оқытушысы.
Қазалы ауданы,
Қызылорда
облысы.

Барысы:

(Сахна сыртында оқылады):

Данышпан да, дана да оқып сенен,
Атақ-даңқын асырды бар әлемнен.

«Ұстаз» деген аяулы, асыл жанды,
Жақсы көрем, арнаймын жақсы
өлең!

*(Музыка ойналады, екі жүргізуші
шығады)*

1-жүргізуші: Армысыздар, құрметті
де аяулы ұстаздар!

Бүгінгі «Ұстаздар – асыл жандар»
атты мерекелік іс-шарамызға қош
келдіңіздер!

2-жүргізуші: Мерекелік кешімізді
ашу үшін, алғашқы құттықтау сөз кезі
мектеп директорына беріледі.

«Байтақ елім – Қазақ Елі» әні орындалады.

1-жүргізуші: Бүгін бізде үлкен мереке.
Бүгін ұстаздар қауымының төл мерекесі.
Олай болса, бүгінгі күн ұстаздарға арналмақ.

Ақырын жүріп, анық бас,
Еңбегің кетпес далаға.

Ұстаздық еткен жалықпас,
Үйретуден балаға, - деп Абай атамыз
айтқандай, шәкірттерінің өзінен
озғанын қалаған ұстаздар қауымы, төл
мерекелеріңіз құтты болсын!

2-жүргізуші: Денсаулықтарыңыз
мықты болсын! Шаңырақтарыңыз
шаттыққа толсын, біздей шәкірттеріңіз
көп болсын!

Бірге: Мерекелеріңіз құтты болсын!
«Қазақ биі» орындалады.

1-жүргізуші: Менің ойымша, кез
келген адам ұстаз бола алмайды. Себебі,
ұстаздық өнер – тағылымы терең өнер.
Ал өнерлі болу кез келген адамға қона
бермейді. Олай болса, шын ұстаз болу
үшін табиғи дарын, ізгілікті ізденіс пен
еңбекке ұштастырылуы шарт. «Шәкіртсіз –
ұстаз тұл» деген сөз тегін айтылмаса керек.

2-жүргізуші:

Ұстаз болу – жүректің батырлығы,
Ұстаз болу – сезімнің ақындығы.
Ұстаз болу – мінездің күн шуағы,
Азбайтұғын адамның алтындығы,
- деп, ақын Ғафу Қайырбеков атамыз
жырлағандай, біздің мектебімізде сөзі
маржан, үні ән ұстаздарымыздың бар
болғанын мақтаныш етемін. Әрине,
ұстаз жүгі ауыр. Адамның жандүниесін
түсініп, ренжітпей, қателігін сездіре білу –
бұл нағыз шеберлік емес пе?

1-жүргізуші:

Ендеше, ұрпақпен өмір жолы жалғасады,

Көңілді күндер тусын алдан әлі.
Ән-шашу, әсем әуен, түрлі өнер,
Бүгінгі күн сіздерге арналады!

Аяулы ұстаздар, оқушылардың жүрегінен шыққан ән-жырларын қабыл алыңыздар! (Ақын оқушылар өз өлеңдерін оқиды)

Біржан салдың «Ләйлім шырақ» әні орындалады.

2-жүргізуші:

Күллі өнерін жеткіншекке арнаған,
Мұғалімді ардақтайды барша жан.
Ол мектептен шықпаса да қыс-жазы,

Жемісі оның жердің жүзін шарлаған.

1-жүргізуші:

Ұстаздар! Қандай ғажап халықсыздар!

Шәкіртке шындай биік алыпсыздар.

Жан біткен жанарына нұр сыйлаған,
Күндей боп күлімдеген жарықсыздар!

2-жүргізуші: Екеуіміз ұстаздар туралы нақыл сөздер айтып жарысып көрсек қайтеді?

1-жүргізуші: Ендеше, бастайық!

1. «Ұстаз болу — өз уақытын аямау, өзгенің бақытын аялау»;

2. «Ұстазға қарап шәкірт өседі»;

1. «Аспаз көрген ат таныр,

Ұстаз көрген хат таныр»;

2. «Ұстазынды ұлы әкендей сыйла»;

1. «Ұстазы жақсының — ұстамы жақсы».

1-жүргізуші: Бәрекелді, асыл ұстаздар туралы мақтау көп. Ендігі кезекте оқушылардың өнерлерін тамашалайық (тақпақтар айтылады).

В. Солохин. «Воспоминание о музыкальной школе» орындайтын баян класының оқушысы.

- Иә, ұрпаққа айтар ақылы, көрсетер өнегесі бар аналық, әкелік сезімнің, дана ойдың ыстық лебі бар аға ұрпақ өкілдері, мектептің жүрегі ардагер ұстаздарымыз ортамызда отыр.

1-жүргізуші: Құрметті қонақтар, сіздер салып кеткен сара жол, ұстаз жолы — ауыр жол. Өткен жолдарыңызға көз жіберіп, еске ала отырып, өздеріңізге бірнеше сұрақ қоюға рұқсат етіңіздер.

2-жүргізуші:

СҰРАҚ: Ұстаздық өмірге қалай келдіңіз? Жүрек қалауыңызбен бе, әлде осы мамандықты таңдауға себепші оқиға немесе бір жағдай болды ма?

1-жүргізуші:

СҰРАҚ: «Ұстаз болу — жүректің батырлығы» дейді, осы ұстаздық қызметті таңдауда батырлықпен қандай қасиет адам бойынан табылуы керек деп ойлайсыз?

2-жүргізуші: Кешегі өзіңіз еңбек еткен мектебіңізден қандай өзгерістерді байқадыңыз? Мектеп ұжымына айтар тілегіңіз?

1-жүргізуші: Сіздерге көп рахмет, аяулы да мейірбан ұстаздар. Денсаулықтарыңыз мықты болсын!

2-жүргізуші: Жүздеріңіз нұрланып, әрқашан төрімізден орын ала беріңіздер!

1-жүргізуші: Ұстаз — шәкірт алдында сыйлы адам. Ұстаз жайлы айтылар сыр да, жыр да көп.

2-жүргізуші: Қазақта жақсы сөз бар, «Әзілің жарасса, атаңмен ойна»

деген, ендеше сахна төрінен ұстаздар өмірінен аздап әзілге орын берсек...

Ұстаздар өмірінен (оқушы оқиды)

КӨРІНІС: Неге бармайсың?

«Түсіндірме сөздік», оқитын 2-сынып оқушысы.

«Ұстазым» әні орындалады.

1-жүргізуші:

Ұлылықтың ұйытқысынан жаралған,

Өнегеңнен барлық шәкірт нәр алған.

Шапағатты шуақ сепкен ұстаздар,

Өнеріңнен бастау алар әр арман.

2-жүргізуші:

Ұстаз мейірімі — ана мейірімімен пара-пар,

Тұла бойға қуат болып таралар.

Көп жасандар, өмірге шуақ болып,
Бас иеміз, ұлағатты ұстаздар!

1-жүргізуші: Қадірлі көрермен қауым! Осымен «Ұстаздар — асыл жандар» атты мерекелік концертімізді аяқтай келе, қорытынды сөзді мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына ұсынамыз.

Қалдырған ізін мәңгілік



Гаухар Мақсатқызы МЕДИНА,

«Ақтөбе облыстық туберкулез санаториясы мектеп-интернаты»

КММ-нің музыка пәні мұғалімі.

Ақтөбе қаласы,

Ақтөбе облысы.

Мақсаты: оқушылардың бойында ұстаз деген ерекше жылы сезім қалыптастыру. Оқушыны ұстазды құрметтеуге, сыйлауға қадірлеуге, ұстаз еңбегін бағалай білуге үйрету, дамыту. Адамгершілікке, кішіпейілдікке үлкенге құрмет көрсетуге тәрбиелеу.

I жүргізуші: Армысыздар қадірменді ұстаздар!

II жүргізуші: Добрый день, уважаемые учителя!

III жүргізуші: Good morning, dear teachers!

I жүргізуші: Міне жылдағы игі дәстүрмен қазанның алғашқы демалысында ұстаз деген ұлы кәсіптің барша иелерінің төл мерекесі де келді.

Бірге: Мерекелеріңіз құтты болсын, ардақты ұстаздар! Аяулы ұстаздарымызды қошеметпен ортаға шақырамыз.

Бірге: Тұрыңыздар, келе жатыр мұғалім!

**I жүргізуші:**

Ізгіліктің нұрын шашар маңайға,
Адамсыз ғой үлгі болар талайға.
Көп нәрсені өзіңізден үлгі еткен,
Ұмытпайды шәкірттерің қалайда.

II жүргізуші:

Мамандығын жүрек қалап тандаған,
Ұстаздыққа бар ғұмырын арнаған.
Тәрбиелеп мың —мың бала шығар-
ды,

Ауытқымай тура жолдан, арнадан.

Слайд жүреді. Өмірбаян оқылады.

(Құттықтауларға кезек беріледі)

II жүргізуші: Біз сіздерге өздеріңіз-
дің шәкірттеріңіздің дайындаған ме-
рекелік концертін ұсынамыз.

(Ортаға үш ұл, үш қыз шығады)

1-ұл:

Данышпан да, дана да оқып сенен,
Атақ-даңқын асырды бар әлемнен.
«Ұстаз» деген аяулы, асыл жанды,
Жақсы көрем, арнаймын жақсы
өлең!

2-ұл:

Кто нас учит?

Кто нас мучит?

Кто нам знания дает?

Это школьный наш учитель -

Удивительный народ.

С вами ясно и светло,

На душе всегда тепло.

1-қыз:

Ұстаздарым, биік тұлға байсалды,
Құшақ жайып, төл мерекең қарсы
алды.

Қуанышты жарқын тілек білдіріп,
Құттықтаймыз, ұстаздарым, бар-
шанды!

3-ұл:

Нам учитель дорогой,
Ваш характер нравится,
Кроме вас никто другой
С нами не управится.

2-қыз:

My motherland
I love my mother.
She is like a large mountain.
The country is so lovely,
This scenery everything is good.

3-қыз:

Қазақ тілі — қазағымның айнасы,
Күнім болып, бар әлемге жайнашы.
Тілім барда, сыр шертемін, жырлай-
мын,

Ұлтымыздың туған тілін сыйлай-
мын.

«Ұстазға көрсетілетін құрмет»

1. Ұстаз кіргенде құрмет ретінде тү-
регелу;

2. Ұстаз алдында отырғанда тәртіп
сақтау;

3. Сұрақтарға қолын көтеріп жауап
беру;

4. Ұстаз айтқан ақыл-кеңесің тың-
дау;

5. Ұстазға жол беру;

6. Ұстаз алдында бей-берекет күл-
меу.

«Ұстазым» әні хормен орындалады.

(Ұстаздарға гүл таратылады)

I жүргізуші:

Әр сөзі мейіріммен басталатын,
Қатайтқан шәкіртінің жас канатын.

Білімнің нәрін сепкен ұстаздардың,

Қалайша атамасқа асқақ атын!

Сахна төріне бастауыш сынып оқушыларын көңілді бимен шақырамыз.

II жүргізуші:

Ұстаз болу — жүректің батырлығы,

Ұстаз болу — сезімнің ақылдығы.

Ұстаз болу — мінездің күн шуағы,

Ұстаз болу — адамның асылдығы.

I жүргізуші:

Білімнің кәусәр бұлағын,

Жүресің құйып санама,

Біз үшін сенсің, мұғалім,

Ұстаз да, ғалым, дана да.

«Мектебім» әні орындалады.

II жүргізуші: Қазақта мынадай жақсы сөз бар: «Әзілің жарасса, атаңмен

ойна» деген, ендеше біз де ұстаздармен әзілдесіп көрейік.

I жүргізуші: Олай болса ұстаздарымызды ортаға шақырамыз.

II жүргізуші:

Мектептегі ең үздік ұстаз кім деп ойлайсыздар?

Біз үшін барлық ұстаз ең үздік!

Ұстаздарға сұрақтар қою.

Бірге: Жауаптарыңызға рахмет. Тамаша жауап бердіңіздер.

«Ұстаз» монологы оқылады.

II жүргізуші:

Мұғалім, ғазиз мұғалім —

Сарқылмас мәңгі бұлағым.

Ұланың бүгін тойыңда,

Арнайды саған бұл әнін.

«Ұстазым» әні орындалады.

Қазақ биі орындалады.

(Барлық қатысушы оқушылар ортаға шығып «Ұстазым» әнінің қайырмасын орындайды).

Мен – өз елімнің патриотымын

Жоспары:

1. Сапқа тұрғызу;
2. ҚР Мемлекеттік туын енгізу;
3. ҚР Әнұранын орындау;
4. Қонақтармен таныстыру;
5. Мектеп директорының құттықтауы;
6. Қонақтардың құттықтауы;
7. 1-сынып оқушыларының тақпақтары;
8. Алғашқы қоңырау салтанаты;
9. Ата-аналар атынан құттықтау сөз;

10. Мектеп оқушыларының тақпақтары;

11. ҚР Мемлекеттік туын шығару;

12. Қорытынды сөз;

13. Мектепке алғашқы қоңырау сыңғыры.

1-жүргізуші: Қайырлы күн, құрметті ұстаздар, қонақтар, қадірменді ата-аналар!

2-жүргізуші: Армысыздар ағайын, мектеп оқушылары мен балауса балдырғандар!



1-жүргізуші: Ал енді барлығымыз да сағынып күткен «Мен өз елімнің патриотымын» атты білім күніне арналған мерекелік шарамызды ашық деп жариялаймыз.

2-жүргізуші: Шуақты қыркүйек айының алғашқы күні барша оқушы қауым алтын ұя мектебіне қайта оралып, мектеп табалдырығын алғаш атаған балдырғандармен бірге сынғырлаған қоңырау үнімен табысып отыр. Құрметті ұстаздар, қонақтар, ата-аналар, аяулы оқушылар! Бүгінгі сағынышқа, шаттыққа толы «Мен өз елімнің патриотымын» атты мерекелеріңіз баршаларыңызға құтты болсын.

1-жүргізуші:

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы ресми түрде енгізілсін.

(Туды енгізу рәсімі)

Барлығы Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұранын орындайды.

2-жүргізуші:

Қонақ деген ырысың мен мерейің,
Енді аяндап қонақтарға келейін.

Салтанатты жиынға ортақ болған,

Қонақтарды таныстырып өтейін.

1-жүргізуші:

Біреулер енші ап өмірден,

Аттанбақ болса асып қыр.

Біреулер балғын көңілмен

Алғашқы қадам басып тұр.

Сондықтан да назарды,
Солар жаққа бұрайық.

Балдырғандарды базарлы

Қарсы алып, қол соғайық.

1-сынып бүлдіршіндерін қошеметпен қарсы алайық.

2-жүргізуші:

Жан шуағы, күн шуағы арай ма,

Ұстаз деген әулиедей талайға.

Басын иіп өткен жоқ па біз түгіл,
Әл-Фараби, Омар Хаям, Абай да.

1-жүргізуші: «Мен өз елімнің патриотымын» мерекесін салтанатты түрде ашу үшін алғашқы сөз кезегі мектеп директорына беріледі.

2-жүргізуші: Жаңа оқу жылына арналған салтанатты жиынның құттықтау сөзі мектебіміздің директордың оқу ісі және тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына беріледі.

1-жүргізуші:

Арнап келер мерей той, мейрамдарда

Мәртебең де биік қой мейрам барда.
Бүгінгі салтанатты жиынға кеп отырған,

Сөз берейік бүгінгі келген қонақтарға, - дей келе сыйлы қонағымызға сөз кезегін ұснамыз.

2-жүргізуші: Ендеше, балғын бала-

лықпен қоштасып, мектеп табалдырығын алғаш аттағалы отырған 1-сынып оқушылары мен алғашқы ұстаздарына қошеметпен қол соғып қояйық!

(1-сыныптың тақпақтары)

1-жүргізуші:

Қоңыраудың сыңғырлы үні,
Жүрегімнің соғысы.

Қоңыраудың сыңғыры,

Тағдырлардың тоғысы, — деп алғашқы қоңырау соғу салтанаты мектебіміздің 9-сынып оқушысы мен 1-сынып оқушысына беріледі.

2-жүргізуші:

Қандай ғажап, қарашы, жан-жағына,

Күміс күлкі сыймай тұр, қара мұңға.

Ата-анадай бақытты бар ма екен жан,

Қол жеткізген аңсаған арманына.

Жақсы шәкірт Азамат атанады,

Халқынан, ата-анадан бата алады.

Ұрпағына айтсын деп ақ тілегін,

Ортаға шақырайық ата-ананы.

(Ата-анаға сөз беріледі)

1-жүргізуші: Сіздердің құрметтеріңізге мектебіміздің оқушылары өз ақ тілектерін жолдайды.

1-оқушы:

Жаз қызығы телегей,

Мүмкін емес тауысу.

Сәті туды мінекей,

Мектебіммен қауышу.

2-оқушы:

Қайырлы күн, құт қадам,

Құтты болсын баршана.

Сәтті болсын аттаған,

Оқу жылы — бұл жаңа.

3-оқушы:

Қоңыраудың үнінде,

Бір құдірет бары анық.

Тұрмыз күтіп бүгінде,

Сол дауысты қуанып.

4-оқушы:

Сағынышпен табыстық,

Мектепке кеп міне, біз.

Болсын елде тыныштық,

Бейбіт күнді сүйеміз.

5-оқушы:

Жаз қызығын көп көрдім,

Демалысты өткердім.

Сағынышым көп менің,

Сәлем, алтын мектебім!

2-жүргізуші:

Өмір бойы мектебімді жыр етем,

Бір өзінде бақыт, бірлік, берекем.

Шәкірттерін өрістесін, өрлесін,

Құтты болсын білім күнің — мерекен, - дей келе, мектебіміздің түлектерінің 1-сынып оқушыларына арналған шағын сый-сияпатын қабыл алыңыздар.

1-жүргізуші: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы тұғырына қондырылсын!

- Мектеп оқушылары, тік тұрындар!

Егеменді Қазақстанның Туына сап түзендер!

2-жүргізуші: Осымен «білім күніне» арналған «Мен — өз елімнің патриотымын» мерекесі өз мәресіне жетті. Салтанатты жиынымызды жабық деп жариялаймыз. Білім күні құтты болсын. Еліміз аман, еліміздің беделі асқақ болсын!

1-жүргізуші: Жаңа оқу жылы баршанызға құтты болсын! Ақ жол сіздерге, мектеп оқушылары!

Жұлдыз Ертаевна ИСАЕВА,
«Сарқан қаласының облыстық зерде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектеп-интернаты» КММ тәрбиешісі.

Сарқан қаласы,
Жетісу облысы.

Мағжан Жұмабаев – қазақ лирикасының ханпәнісі

Сабақтың мақсаты:

Білімділік: М. Жұмабаевтың өмір жолы мен жазушылық қызметінен мағлұмат беру;

Дамытушылық: шәкірттерді өзіндік ізденіс жұмыстарына баулу, ой-өрісін, рухани жан дүниесін байытып, сөйлеу машықтарын жетілдіру;

Тәрбиелік: елжандылыққа, адамгершілікке, тілімізді құрметтеуге, әдебиетті сүюге тәрбиелеу.

Сабақтың әдісі: шығармашылық, зерттеу.

Сабақтың түрі: ғылыми-конференция.

Пәнаралық байланыс: тарих, география, орыс әдебиеті, театр, өнер.

Сабақтың көрнекілігі: портрет, ақын жайлы ұлылардың сөздері, кітаптар, газет-журналдар, ұнтаспа, сызба-кестелер.

Сабақтың барысы:**а) Ұйымдастыру кезеңі:**

Мұғалімнің кіріспе сөзі.

- Біздің ғылыми-конференция сабағымызға Мағжан ақынның көзін көрген замандастары, қаламдас достары келіп отыр. Конференцияға келген қонақтармен (II курс оқушыларымен) таныстырады.

Олар:

1) М. Жұмабаев бейнесіндегі оқушы;

2) Жүргізуші;

3) Әдебиетші, ғалым – М. Әуезов бейнесіндегі оқушы;

4) М. Горький – орыстың классик жазушысы;

5) С. Қожанов – қоғам қайраткері;

6) М. Жұмабаевтың зайыбы – Зылиха Жұмабаева;

7) Башқұртстанның халық ақыны – Сәйфи Құдаш;

8) Ж. Шанин атындағы театрдан келген халық әртісі.

ә) Сабақтың өтілуі.

Алдын ала оқушыларға М.Жұмабаевтың өмір жолы мен шығармашылық қызметі, оның замандастары мен қаламдас достары жайлы деректерді жинау секілді тапсырмалар беріледі.

1. М. Жұмабаев кім, ол қандай ақын?

2. М. Жұмабаевтың өмірі мен балалық, жастық шағы;

3. Шығармашылығының басталуы;

4. Ақындық жолы;

5. Қоғамдық қызметі.

Жауаптар:

1. Ақын өзінің кім екенін, ақындық қуатын, қайраткерлік қарымын «Мен кім?» атты өлеңінде аңғартып өтеді.

Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?

Жолбарыспын, маған қарсы кім тұрар?

Көкте — бұлт, жерде — желмен гуле-
ген,

Жер еркесі — желдің жөнін кім сұ-
рар?

Мен өлмеймін, менікі де өлмейді,
Надан адам өлім жоғын білмейді.

Өзім — патша, өзім — қазы, өзім —
би,

Қандай ессіз не қылдың деп тергей-
ді?

Бұл романтикалық асқақ шумақтар-
дан ақынның өз күшіне, өз талантына
өмір тағдырына кәміл сенгенін бай-
қаймыз.

2. Мағжан Бекенұлы Жұмабаев 1893
жылдың 25 маусымында бұрынғы Ақ-
мола губерниясы Ақмола уезіндегі
Полуден болысында (қазіргі Солтүс-
тік Қазақстан облысы, Булаев аудан-
ы, Мағжан атындағы ауылда) белгілі,
текті, ауқатты отбасында дүниеге кел-
ген. Төрт жасында ауыл мұғалімінен
сауат ашып, хат таниды, ал 1905 жылы
Қызылжардағы медресеге оқуға түсе-
ді. Бұл медреседе араб, парсы, түрік
тілдерін еркін игеріп, медресені 1910
жылы жақсы үлгеріммен бітіреді.

Бұдан кейін Уфадағы «Ғалия» мед-
ресесінде, Омбыдағы мұғалімдер се-
минариясында оқиды.

3. Мағжан 1916 жылы Омбының се-
минариясын ойдағыдай бітіріп, туған
өлкесіне оралады. Қазақ даласында
«Алаш» партиясын құруға қатысады,
Ақмоладағы «Бостандық туы» газе-
тінде редактор болып қызмет атқара-
ды. 1922 жылы Ташкентке келіп, шы-
ғармашылық жұмыспен айналысады.
Онда «Шолпан», «Сана» журналда-

рында, «Ақжол» газетінде қызмет ат-
қара жүріп, бірнеше шығармаларын
жарыққа шығарады.

4. 1923-27 жылдары Мағжан Мәс-
кеудегі жоғары әдебиет — көркемөнер
институтында оқиды. Осы жылдары
ол орыс, батыс Еуропа әдебиетін те-
рең зерттеп оқиды.

1929 жылы «Алқа» деген жасырын
ұйым құрды деген айыптаумен 10
жылға сотталды.

1936 жылы орыс жазушысы М.
Горький және Е. Пешкованың ара-
ласуымен аз ғана уақытқа бостандық
алады, бірақ 1937 жылы қайта қамау-
ға алынып, 1938 жылы ақын ғұмыры
мәңгілікке үзіледі.

5. Мағжан өлгенмен, оның жазған
еңбектері бізге өшпес мұра боп қалды.
Ол — көптеген өлеңдер, поэмалар, әң-
гімелер мен аудармалар жазған бірегей
тұлға.

Біз оның «Мен жастарға сенемін»,
«Мен кім?», «Анама», «Қазақ тілі»,
«Түркістан», т.б. өлеңдері мен «Қор-
қыт», «Ертегі», «Тоқсанның тобы»,
«Батыр Баян», «Қойлыбайдың қобы-
зы», т.б. поэмаларын білеміз.

Оқушылардың жауаптары тыңда-
лып болған соң, конференцияға кел-
ген қонақтар дөңгелек үстелге жағалай
отырады. Ғылым мен өнердің түрлі
саласынан келген ғалымдар мен өнер
адамдарының алдында қай ғылым са-
ласынан келгендігін білдіретін көр-
сеткіш тақтайшалар қойылады.

Жүргізуші: Қадірлі, әдебиетсүйер
қауым, ұстаздар мен қонақтар! Бүгін
сіздер әдебиетімізде қайта жанған жа-
рық жұлдыз, қазақ әдебиетінің лири-

ка жанрындағы хантәңірі, ақын, жазушы, ірі қоғам қайраткері Мағжан Жұмабаевты еске алу жиынына келіп отырсыздар.

Ірі талант иесі өзі жайлы былай деген еді:

(үнтаспадан ақын өлеңі тыңдалады, жарық М. Жұмабаевтың портретіне қарай бағытталады).

Өзім — тәңірі, табынамын өзіме,

Сөзім — құран, бағынамын сөзіме!

Бұзушы да, түзеуші де өзіммін,

Енді, ескілік, келдің өлең кезіне! — деп ақын өзі айтқандай, Мағжан Жұмабаев біз үшін мәңгі тірі.

Бүгінгі конференцияда әуелгі сөзді әдебиетші-ғалым Мұхтар Омарханұлы Әуезовке берсек.

- Мен қазақ жазушыларынан, әрине, Абайды сүйемін. Менің бала күнімнен ішкен асым, алған нәрімнің барлығы да Абайдан. Бұдан кейін Мағжанды сүйемін, оның еуропалығын, жарқыраған әшекейін сүйемін. Қазақ ақындарының қара қордалы ауылында туып, Еуропадағы мәдениетпен сұлулық сарайына барып, жайлауы жарасқан арқа қызын көріп сезгендей боламын. Мағжан — культурасы зор ақын. Абай — ақылдың ақыны, ал Мағжан — ақынның ақыны, сондықтан біз Мағжаннан үйренуіміз керек.

Жүргізуші: Иә, Мағжаннан үйрену — әрбір әдебиетсүйер, өлеңсүйер қауымның борышы.

Келесі сөзді мемлекет қайраткері Сұлтанбек аға Қожановтан тыңдайық.

- Қарама-қайшылығы мол 20-жылдардың аяғы мен 30-жылдардың ба-

сында Мағжан сынды халқының біртуар азаматына қиналғанда сүйеніш бола білген мына отырған адал жары — Зылиха Жұмабаева болатын. Ол екеуін 1922 жылы көрдім. Мен Ташкентте қоғамдық қызмет атқарып жүргенімде от жалынды, арыстандай айбатты қазақ жігіті жұмыс орныма келіп, оқуағарту ісіне байланысты еңбек жазғандығын айтты.

Мен ағалық көмек көрсетіп, «Педагогика» атты еңбегінің жарыққа шығуына көмектестім.

Жүргізуші: Зылиха апай, енді Мағжан аға туралы өз аузыңыздан бір үзік сыр естісек.

- Мағжан екеуміз 1922 жылы (бұрынғы Қызылжар) Петропавл қаласында үйлендік. Сол жылы Мағжан достарының ақыл-кеңесімен Ташкентке көшіп келдік, 2 жылдай сонда тәп-тәуір тұрдық. 1924 жылы бізді Сұлтанбек Қожанов Мәскеуге шағарып салды. Мағжан онда жоғары әдеби-көркем институтына түсіп оқыды. Күн-түн демей кітапқа үңілумен болатын. 1927 жылы үй-ішімізбен елге оралдық.

Бұдан кейінгі өміріміз қуғын-сүргенде болды. 1929 жылы ұсталып Мәскеудің Бутырка түрмесіне қамалды (көзіне жас алады). Осы жылы 10 жылға кесіліп, Карелияға айдауға жіберілді. Мен Мағжанды іздеп жүріп 1931 жылы Майкоп стансасына таяу Карелия орманына 14 рет келдім. Сол кездесуде Мағжан маған Горькийдің атына хат жазып жіберді. Мың болғыр, орыстың адал перзенттері көп қой. Сол кісінің көмегімен Мағжан

1936 жылы 10 жыл орнына 7 жылға қысқартылып, елге оралды.

1937 жылы С. Сейфуллиннің шақыруымен Алматыға барады, бірақ көп ұзамай қайта тұтқынға алынады (ауыр күрсінеді).

Жүргізуші: Зылиха апай, әңгімеңізге көп рахмет.

Мағжан Жұмабаев Мәскеудегі жоғары әдеби-көркем институтында оқып жүргенде орыс және Батыс еуропа әдебиетін беріле оқығанын естідік. Соның ішінде неміс, ағылшын, француз ақындарының шығармаларына ден қоя оқыған. Енді Мағжан жайлы ағылшын ақыны Агата Кристи ханымды тыңдайық. (Аудармашы арқылы).

- Мен шығыс поэзиясын жоғары бағалаймын. Өйткені шығыс поэзиясы — халқы сияқты мол тынысты, кең құлашты, сөздері саф алтындай. Абай өлеңдерін оқи отырып, өзіме көп нәрсені қабыл алдым, ал Мағжан поэзиясынан оның халқы, туған жері туралы көп нәрселер білдім. Ақынның «Түркістан», «Қазақ тілі», «Қазағым», т.б. өлеңдерін айтар едім.

Жүргізуші: Туысқан халқымыз Башқұртстанның ақыны, қадірменді жазушы Сәйфи Құдаш мырза, сіз Мағжан ағамызды қайдан, қалай танысыз? Сол туралы айтсаңыз.

- Мен ғасырдың бас кезінде Солтүстік Қазақстанда Мағжанмен бірге қыз-

меттес болдым, екеуміз ағалы-інідей жақын болдық. 1969 жылы Қазақстан басшыларына Мағжанды ақтау, шығармаларын жариялау керектігі жайлы толғана ұзақ хат жаздым, бірақ еш нәтиже болмады.

М. Жұмабаевты өзіндік ерекшелігі, табиғаты бөлек, өлеңнің асқақ шебері деп санаймын. Мен оны «Қырғыздың Пушкині» дер едім. «Оның өмірі, ақындығы, трагедиялық тағдыры бір-бірімен тұтас, бұлақ суының бір тамшысындай» дер едім.

Жүргізуші: Әңгімеңізге көп рахмет, Сәйфи аға!

Келесі сөзді театр бөлімінен келген белгілі халық әртісіне берсек.

Ол Мағжанның «Мен жастарға сенемін» өлеңін оқиды.

Жүргізуші: Ақын келешек жастарға көп үміт артқанын байқап отырғанымыздай, Мағжан поэзиясын сүйіп, оның мұрасын бағалай білу — біздің басты парызымыз.

Бүгінгі конференция сабағынан үйренгеніміз көп, дегенмен үйренеріміз әлі алда.

Айгүл Амангелдіқызы ҚАЛИЕВА,
Жаяу Мұса атындағы Ақсу
колледжінің қазақ тілі және әдебиеті
пәні оқытушысы.
Ақсу қаласы,
Павлодар облысы.



Өз тіліңді құрметте!



Айгүл Акпардиновна ШИКЕБАЕВА,
«Әлия Молдағұлова атындағы спортқа бейімді, дарынды
балаларға арналған облыстық мамандандырылған
мектеп-интернатының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.
Қарағанды қаласы.

Мақсаты: елімізде тұратын ұлт өкілдері арасындағы достық пен ынтымақты дәріптеу, өз ана тілінің қадір-қасиетін, сөз құдіретін түсініп, оның адам өміріндегі маңызын ұғуға үйрету; мақал-мәтелдер арқылы оқушылардың тіл көркемдігін, байлығын, дүниетанымын, ой-өрісін дамыту.

Көрнекілігі: баннер, музыкалық фонограмма, шарлар, ақын-жазушылардың тіл туралы нақыл сөздері, тіл туралы шыққан бағдарламалар.

Барысы:

1-жүргізуші: Қайырлы күн, ана тілін ардақ тұтар тіл жанашырлары!

2-жүргізуші:

Елім десе еміреніп арқалы ақын,
Халқым десе тілінен бал таматын.

Қош келдіңіз, қадірлі көрермендер,
Көруге бүгінгі күн салтанатын!

1-жүргізуші: Қазақстан Республикасының «Тілдер күніне» арналған «Өз тіліңді құрметте!» әдеби-сазды мерекелік бағдарламасына қош келдіңіздер!

(Әнұран орындалады)

2-жүргізуші:

1989 жылдың 22 қыркүйегінде Қазақ ССР-ында «Тілдер туралы» заң қабылданып, қазақ тілі «Мемлекеттік тілі» мәртебесіне ие болды. 1993 жылдың 28 қаңтар күні Қазақстан Республикасының Конституциясы қабылданды. Онда «Қазақ тілі — Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі» болып бекітілді.

1-жүргізуші:

Туған тілім — тірлігімнің айғағы,
Тілім барда айтылар сыр ойдағы.
Өссе тілім мен де бірге өсемін,
Өссе тілім мен де бірге өшемін.

Қазақстан Республикасының «Тілдер күніне» арналған тілек сөз директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына беріледі.

2-жүргізуші:

Жайнасын көңілдердің жасыл бағы,
Құтты болсын мереке шашулары.
Бар өнер, ән биіміз сіздер үшін,
Сіздер үшін әншінің асыл әні.

1-жүргізуші:

Біздің бүкіл тарихымыздың жеткен

жетістіктерінің бірі — ата-бабаларымыз ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қанын төгіп жүріп қорғап қалған қасиетті жеріміз болса, екіншісі — сол ата-бабалардың арқасында бар бояуымен кестедей өрнектелген, сырлы сазымен осы күнге аман-есен жеткен қазақ тілі. Бұның өзі қазақ тілінің мәртебелі де қасиетті тіл екендігіне дәлел бола алады.

2-жүргізуші:

Ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бақ, ардың

Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың.

Алтын күннен бағасыз бір белгі боп,

Нұрлы жұлдыз — бабам тілі, сен қалдың.

1-жүргізуші:

Ана тілмен өмір жолы жалғанады,

Бақытты күндер күтер алдан әлі.

Қазақтың би атасы «Қара жорға»

Мерекеде сіздерге арналады.

7-сынып оқушыларының орындауында «Қара жорға» биі биленеді.

2-жүргізуші: Қазақстанда 140 ұлт өкілдері, 17 конфессияның өкілдері тұрып жатыр. Әрине, бұл қазақ халқының ұлылығынан. «Кең болсаң, кем болмайсың» деген қазақ халқының пейілінің кендігінен басқа ұлт өкілдерінің тұрып жатқан жайы бар.

1-жүргізуші:

«Қазақ осы — айтатұғын елге сыр,

О, ағайын, халық емес ол кесір.

Қазақ осы — аңғал-саңғал, жабусыз,

Қазақ осы — ағыл-тегіл, көл-көсір.

Қазақ осы — дала дейтін, күн дейтін,

Қазақ осы — «Өнер алды — тіл» дейтін.

Қазақ осы — қарасың ба, ақсың ба, Қоңырсың ба жатырқауды білмейтін» деп жырлаған Қадыр Мырза әлі. Ұлы қазақ даласында өзге ұлт өкілдері бір шаңырақтың астында татулықта, сыйластықта өмір сүруде.

2-жүргізуші: «Тілі бірдің — тілегі бір, тілі бірдің — жүрегі бір». Осы елдің мемлекеттік тілін білу арқылы халық бір-бірін түсінеді, тағдырлары мен тарихы ортақ екенін сезінеді. Тілін түсінген халықтың мәдениеті мен салт-дәстүріне де құрметпен қарайды

1-жүргізуші:

Тілім менің — тірегім, дінім менің,

Тілсіз қандай болады күнім менің?!

Өз халқыма жетеді өз мәнінде,

Өз тілімде оқылса жырым менің.

2-жүргізуші: Келесі кезекте өлең өзге ұлт өкілдерінің тілдерінде оқылады.

Два языка

Родной язык!

Он с детства мне знаком,

На нем впервые я сказала МАМА,

На нем впервые, на нем клялась я в верности упрямой,

И каждый вздох понятен мне на нем.

Родной язык!

Он дорог мне, он мой

На нем ветра в предгорьях наших свищут,

На нем впервые довелось слышать

Мне лепет птиц зеленого весною

Но, как родной,

Люблю язык я русский,

Он нужен мне, как небо,

Каждый миг,

На нем живые, трепетные чувства

Открылись мне,
И мир открылся в них
Я поняла на русском слово СЧАСТЬЕ,

Большое счастье жить в большой стране.

С ним не стору я ни в каком огне ...
Текут две речки в сердце не мелея,
Становятся единою рекой...

Забыв родной язык —
Я онемею.

Утратив русский -
Стану я глухой.

1-жүргізуші: Ана тілі — халықтың өткен ұрпағын, қазіргі және келешек ұрпағын тарихи біртұтастық, бірлік, ажырамас туыстық жағдайда мәңгілік біріктіретін ең сенімді құрал. Ана тіліміз арқылы ғана біз халқымызды, Отанымызды танып білеміз. Халық рухының сарқылмас бастауы да сонда жатыр. Ел-жұртымызды, туған жерімізді, оның өзен-көлдерін, бораны мен найзағайын ана тіліміз ғана қабылдап, махаббатымызды ана тіліміз арқылы жеткіземіз.

2-жүргізуші:

Екі шектің бірін қатты,
Бірін сәл-сәл кем бұра.
Нағыз қазақ, қазақ емес,

Нағыз қазақ — домбыра.

«Балбырауын» күйі орындалады.

1-жүргізуші: Көп тіл білсең көкжиегің кең болар,

Құрметтейді жан екен деп төрге озар.

Қай тілде де сөйлесең де дұрысы:

Мемлекеттік тілді үйренген жөн болар .

2-жүргізуші: Қытайдың ұлы ойшылы «Бір тіл білсең — бір адамсың, екі тіл білсең — екі адамсың» деп айтқан екен.

1-жүргізуші:

Келесі кезекте тіл жайлы қанатты сөздер қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде.

- Ана тілі — жүректің терең сырларын, басынан кешкен дәуірлерін ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп сақтап отыратын қазына. **Жүсіпбек Аймауытов**

- Язык — средство получения идеи из моего мозга в ваш без хирургического вмешательства. **Марк Амидон**

- A different language is a different vision of life. **Фредерико Фелини**

«Көк тудың желбірегені» әні орындалады.

Тіл, Язык, Language, Достық



Ғажайып күз



Сымбат Дәулеткелдіқызы БАЙЖУМАЕВА,
Алматы облысының қызмет көрсету және тамақтандыру
саласындағы инновациялық технологиялар колледжі «Бәйтерек»
жатақханасының тәрбиешісі.
Алматы қаласы.

Қазақша би орындалады.

1-жүргізуші:

Армысыздар ағайын, құрбы-құрдас!
Бармысыздар жанкүйер, әз-қауым-
дас!

Бүгінгі кеш әуенін біз бастайық
Сайыста көңілмен қол соғайық,
Біздерде ойын-сауық басталды,
Тамаша күй тартылып ән салады,
Қошеметпен, қол соғып отырайық
Ұмыттырар күні бойы шаршағанды

2-жүргізуші:

Добрый вечер, дорогие друзья!

Сегодня в этот зал нас пригласила
романтическая,

Загадочная, чарующая, непредска-
зуемая,

Степенная госпожа осень

Осень... Золотое время года, пора-
жающее богатством цветов, плодов
фантастическим сочетанием красок:
ярких, бросающихся в глаза, до раз-
мыто-прозрачных плутонов.

1-жүргізуші: Әр жыл мезгілінің өзі-
нің ерекшелігі бар. Табиғат қай кезде
болмасын — тамаша дүние. Күз келсе
— біз сары-қызыл жапырақтарды та-
машалаймыз, қыс түссе, аппақ қарда

алысып ойнаймыз, көктемде қабат-
қабат тонымызды шешіп, күн сәуле-
сіне қыздырынып, жаңадан бүршік
атқан талдарды, ұшып келген құстар-
ды көріп, жаңа өмір бастағандай бо-
ламыз; ал жазда — көлге барып, суға
түсіп жазғы демалысымызды ерекше
өткізуге тырысамыз.

2-жүргізуші: За окнами сейчас
осень... По-разному мы называем ее:
холодной, золотой, щедрой, дожд-
ливой, грустной... Но, как бы там ни
было, осень — прекрасное время года,
это время сбора урожая, подведение
итогов полевых работ, это начала уче-
бы в школе, это подготовка к долгой и
холодной зиме... И как бы там ни было
на улице-холодно или тепло-родная
земля всегда прекрасна, привлека-
тельна, очаровательна!

И народная мудрость гласит: «Осень
печальна, а жить весело». Так пусть
в этот октябрьский день звучит пре-
красная музыка, льется рекой безу-
держный веселый смех, ваши ноги не
знают усталости в танцах, пусть ваше-
му веселью не будет конца!

1-жүргізуші: Ал олай болса бүгінгі

ғажайып күз айының кереметтерін көрермендермен бірге бөлісейік! «Ғажайып күз» мерекесін салтанатты түрде ашық деп жариялаймыз!!!

2-жүргізуші: Встречайте наших участников!

1-жүргізуші Құрметті көрермендер, бүгінгі кештің әділ қазылар алқасымен таныс болыңыздар!

1-жүргізуші: Жыл мезгілдерінің бәрі тамаша. Әйтсе де, бүгін біз күзге деген құрметімізді көрсетпекшіміз. Құрметті қауым! «Ғажайып күз» мерекесінің бағдарламасымен таныс болыңыздар! Бағдарлама 5 бөлімнен тұрады. Әр бөлімге уақыт бөлінеді.

1. Таныстыру 3-5 минут;

2. Өз өнері 3-5 минут;

3. Мамандығым — мақтанышым 3-5 минут;

4. Күзгі гүл шоқтары;

5. Күздік сән үлгісі 5-10 минут.

«Көңілді күн!» әні орындалады.

1-жүргізуші:

Көрерменде қане сап-сап тыныштал,

Біз дайынбыз, ей көрермен дұрыстал.

Ғажайып күз салтанатты кешінің Таныстыру өнерінен әсер ал!

2-жүргізуші: Мы распределили всех участников по номерам, и первый наш конкурс это представление!

1-жүргізуші:

Шалқып, тасып әніміз,

Жадырасын жанымыз.

Бүгінгі күз кешінде

Би билейік бәріміз, - деп, келесі

2-тур: Өз өнері.

2-жүргізуші:

Унылая пора! Очей очарованье!

Приятна мне твоя прощальная краса.

Люблю я пышное природы увяданье,

В багрец и золото одетые леса... - и под этот прекрасный мотив мы продолжаем наш конкурс. Следующий номер «показывать свои способности»!

1-жүргізуші: 3-тур: Мамандығым — мақтанышым.

Құрметті әділ қазылар алқасы, бұл кезеңде аспазшылар өздерінің жасаған тағамдарын қорғайды, ал шаштараздар шаш үлгісін қорғайды.

«Әсем ән» әні орындалады.

1-жүргізуші:

Ала білген әрбір адам көңілге,

Бәрінен де ғажайып күз көңілді.

Толып жатыр түрлі өнер өмірде,

Қабылдай біл табиғаттың бір сырын.

Икибана сайысының куәсі болыңыздар!!!

2-жүргізуші: И снова наш осенний бал продолжается. Конкурс **Икебана** начинается!

1-жүргізуші:

Әсемдікті тіледім,

Сәндік сырын білемін.

Күздік киім киемін,

Шақтап оны тігемін, - енді кезекті

Күздік сән үлгісіне береміз.

2-жүргізуші: Следующий номер «Осенняя мода»

1-жүргізуші:

Күлкі сыйлап жүздерге,

КВН-ң жастары жүр біздерде.

Қол соғып шақырайық ортаға,

Әзілдерін арнап өтсін сіздерге.

2-жүргізуші: На сцене КВН. Встречаем!!!

Осень. Осыпает весь наш бедный сад,

Листья пожелтевшие по ветру летят,
Лишь вдали красуются там, на дне долин

Кисти ярко-красных вянущих рябин.

«Ханшайым» әні орындалады.

1-жүргізуші: Енді сөз кезегін әділ қазылар алқасына береміз!

Сары шалғын сыбдырласа белеңде,
Салқын тартты сабыр тауып өзен кей.

Өрлі-төмен құлдилайды құс біткен,

Қайтар кезін ойламайын дегендей,
- деген өлең жолдарымен бүгінгі күз мерекесіне арналған кешімізді аяқтаймыз.

2-жүргізуші: Осень сегодня полностью вступила в свои права и мы отметим ее приход. Мы благодарим эту осень, что она собрала нас всех на осенний бал. Мы надеемся что еще не раз зажгутся для всех нас в нашей школе золотые огни Осеннего бала. До новых встреч!

1-жүргізуші: Бүгінгі жеңіске жеткен «Күз ханшайымын мен ханзадасын» құттықтаймыз! Жеңістерің құтты болсын! Келесі кездескенше! Сау-саламатта болыңыздар.

Ақылды тапқырлар

Мақсаты: оқушылар білімдерінің деңгейін анықтау, ой-өрісін кеңейту, білімге деген құштарлығын дамыту. Оқушылардың қызығушылығын арттыру арқылы ойлау қабілетін дамыту, сөздік қорын байыту, ойды жүйелеу қабілеттерін, есту қабілеттерін дамыту. Қазақстанның білімді, үлгілі азаматы болуға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: сөзжұмбақ, слайд және мақал-мәтелдер.

Әдіс-тәсілі: сұрақ-жауап, алтын дала (қағазбен жұмыс).

1-жүргізуші: Армысыздар, құрметті ұстаздар, тәрбиешілер, оқушылар және ойынға қатысушы сайыскерлер. Бүгінгі «Ақылды тапқырлар» атты ин-

теллектуалды ойынымызға қош келдіңіздер.

2-жүргізуші: Қатысушы топты ортаға шақырайық.

1-топ: «Болашақ», 2-топ: «Достық».

1-жүргізуші:

Ал келіндер, келіндер,

Бір-біріңе еріндер.

Білімінді тексеріп,

Ойынға қатысып көріндер.

2-жүргізуші: Бүгінгі ойын топтық сайыс түрінде өтеді. Бөлімдерімен таныстырып өтейік.

1-тур: «Сұрақ-жауап»;

2-тур: «Сөзжұмбақ»;

3-тур: «Алтын дала» (қағазбен жұмыс);

4-тур: «Мақал-мәтел».

1-жүргізуші: Ойынымызды бастамас бұрын нақты шешімін беретін қазылар алқасымен таныстырып өтейік.

2-жүргізуші: 1-тур: «Сұрақ-жауап»

1-бөлімінде қатысушылар қойылған сұраққа тез және нақты жауап беру керек. Дұрыс жауапқа 5 ұпай.

1. Қазақстанның тәуелсіздігіне қанша жыл толды?
2. Қазақстанның туының түсі қандай?
3. Астанамыз қай қала?
4. Қыстың алғашқы белгісі не?
5. Жаз айларын ата?
6. Қардың түсі қандай?
7. Тәуелсіздік күні қашан?
8. Соңғы қоңырау қашан соғылады?
9. Президенттің туған күні қашан?
10. Наурыз көже неше түрлі дәммен жасалады?
11. Бір айда неше күн бар?
12. Қазақтың үш биін ата.
13. Астана күні қашан?
14. Біз қай елде тұрамыз?
15. Қазақ алфавитінде қанша әріп бар?

1-жүргізуші: 2-тур «Сөзжұмбақ» шешу.

- 1) Үш көзді батыр
Жолды аңдып жатыр. (Бағдаршам)
- 2) Жер бетінде шашы бар
Жер астында басы бар. (Сәбіз)
- 3) Кезекті бір жануар,
Үстінде екі тауы бар. (Түйе)
- 4) Айбат шеккен алыстан,
Аң патшасы... (Арыстан)
- 5) Әрі төсек, әрі үй,
Иесі оның сәби. (Бесік)
- 6) Көк лағым көгенде
Жатып семіреді. (Қарбыз)
- 7) Түрі жылқы бейнесі,

Жолақ-жолақ бейнесі. (Зебра)

- 8) Торын құрып қояды,
Шыбындарды жояды. (Өрмекші)

1-жүргізуші: 3-турымыз «Алтын дала» (қағазбен жұмыс)

Әр топқа 1-сөзден беріледі. Әрбір киылған әріптен сөз құрау.

1-сөз «Бәйтерек». Елордамыз Астанада өзі зәулім, ең биік, әдемі ғимарат, ол қандай ғимарат?

2-сөз «Бәйшешек». Көктемде ең бірінші гүлдейтін қандай гүл?

2-жүргізуші: 4-тур «Мақал-мәтел».

Берілген мақал-мәтелдегі жасырын сөздерді тауып, жалғастыру.

- 1) Отан - ... бесік.
- 2) Жері байдың ... бай.
- 3) Отан оттан да ...
- 4) Отансыз адам, ормансыз ...
- 5) Тілдің көркі - ...
- 6) Аталар сөзі - ... көзі.
- 7) Ас адамның ...
- 8) Жүз сом ақшаң болғанша ...
- 9) Еңбек түбі ...
- 10) Өнер алды ... тіл.

1-жүргізуші: Осымен «Ақылды тапқырлар» интеллектуалды ойынымыз өз мәресіне жетті. Әр топтың ұпайларын анықтауды әділ қазылар алқасына берсек.

Қортынды: Жеңген топты марапаттап құттықтау.

Гульзат Азатбековна
ОРЫНБЕКОВА,
«Сарқан қаласының облыстық зерде
бұзылыстары бар
балаларға арналған арнайы
мектеп-интернаты» КММ-нің
тәрбиешісі.
Сарқан ауданы,
Жетісу облысы.

Мектеп көшбасшысы



**Арман
Муханбетқалиұлы
РАМАЗАНОВ,
Карманов ЖОББМ
физика және
информатика пәні
мұғалімі.
Жаңақала ауданы.
Батыс Қазақстан
облысы.**

- Армысындар, бүгінгі «Мектеп көшбасшысы» атты сайысымызға жиналған қауым! Бүгінгі біздің сайысқа қош келіпсіздер!

Көпшіл болған ер дана,
Достары көп ер бала.
Өнерліден үлгі алып,
Салдырар сәнді мол қамал.
Өнерлімен дос болсаң,

Қиялынды қорғайды, - демекші, бүгінгі «Мектеп көшбасшысы» атты интеллектуалдық ойынымызды бастаймыз!

Әділ қазыларды сайлап, таныстыру.

Бірінші кезең. «Бәйге»

Қарап тұрмай бәйгеге еріңіз,
Шәкірттерге әділ шешім беріңіз.

Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шығарар,

Бәйге, бәйге, бәйгелерді көріңіз, - дей келе, біз алғашқы «Бәйге» кезеңін бастайық.

Сайысқа 6 адам қатысады.

1. Жүргізуші қатысушыларға қарапайым сұрақтар қойылады;

2. Қатысушы дұрыс жауап берген әр сұраққа 10 ұпай иеленеді;

3. Жауапқа он бес секунд уақыт беріледі, одан кейінгі жауаптар қабылданбайды.

1-сұрақ. Нөл градус температурада су неге айналады? (Мұзға)

2-сұрақ. Құс жолы қандай пішінде болады? (Шиыршық)

3-сұрақ. Интернетпен байланыс жасайтын құрылғы. (Модем)

4-сұрақ. Галстук қай жерден шықты? (Англия)

5-сұрақ. Ең кіші планета? (Меркурий)

6-сұрақ. Париж сахнасында ән салған тұңғыш қазақ әншісі? (Ә. Қашаубаев)

7-сұрақ. Ақпараттың ең кіші бірлігі. (Бит)

8-сұрақ. «Оянған өлке» романының авторы. (Ғ. Мүсірепов)

9-сұрақ. Ноғай ордасының астанасы. (Сарайшық)

10-сұрақ. Судың неше күйі болады? (3)

Екінші кезең «Дода»

Мәңгі бақи есте қалар,
Ғажайып бір сайыс болсын.

Білімдірек шәкірт озар,

Қиынырақ сұрақ болсын! - деп біз енді сайысымыздың келесі кезеңіне де келіп жеттік.

Бұл сайысқа да 6 адам қатысады. Бірінші турда жиналған ұпай екінші турда толығымен сақталады. Екінші турда мектеп бағдарламасына сай 6 пәннен сұрақтар қойылады.

1. Қатысушыларға 6 тақырып ұсы-

нылады. Белгіленген блок бойынша ойыншы тақырыпты өзі тандайды. Таңдау кезегі ойыншының бірінші турда алған орнына сәйкес жүзеге асырылады. Бірінші (соңғы) орын алған ойыншы бірінші болып тандайды, әрі қарай осылай кезекпен кете береді;

2. Әр тақырыптың ішінде бес сұрақ болады, сұраққа дұрыс жауап берген ойыншының бірінші турда жинаған ұпай санына 10 балдан қосылып отырады;

3. Жауап ауызша беріледі.;

4. Екі тур барысында барынша көп ұпай жинаған үш ойыншы үшінші турға шығады.

Қазақ тілі:

1. Заттың түрін, түсін, сапасын, көлемін білдіретін сөз табы? (Сын есім)

2. Сөз құрамын зерттейтін сала? (Морфология)

3. «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман» тіркесінің мағынасын айт? (Тыныштық заман)

4. Екі не бірнеше адамның сөйлесуі? (Диалог)

5. Дыбыстың жазба таңбасы? (Әріп)

Математика:

1. 5 мысық 5 тышқанды 5 минут ұстаса, 1 мысық 1 тышқанды неше минут ұстайды? (5 минут)

2. Үшбұрыштың 3 қабырғасы берілген 10, 15, 7 оның периметрін тап? (32)

3. «Миллион» деген сөзді қазақ арасына жеткізген ағартушы? (Ы. Алтынсарин)

4. Дәлелдеуді қажет етпейтін математикалық сөйлем? (Аксиома)

5. Геометрияның жазықтағы заңдылықтарын зерттейтін бөлімі? (Планиметрия)0

Физика:

1. Бүкіләлемдік тартылыс заңын кім ашты? (Ньютон)

2. Ток күшінің өлшем бірлігі? (Ампер)

3. Дисперсия құбылысы дегеніміз не? (Жарықтың спектрге бөлінуі)

4. Дене су бетінде қандай күштің әсерінен қалқып жүреді? (Архимед күші)

5. Қысымды қандай құралмен өлшейді? (Барометр)

Тарих:

1. Тарихтың атасы? (Геродот)

2. Рейхстагқа ең алғаш ту тіккен қазақ жауынгері кім? (Р. Қошқарбаев)

3. Тұңғыш қазақ демограф ғалымы? (М. Тәтімов)

4. Адамзат қоғамы туралы ғылым? (Тарих)

5. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» қай жылы басталды? (1723 ж.)

География:

1. Әмудария мен Сырдария аралығындағы шөл? (Қызылқұм)

2. Экватордың жалпы ұзындығы? (40 000 км)

3. АҚШ-тың солтүстік штаты? (Аляска)

4. Ең терең көл? (Байкал)

5. Тайланд астанасы? (Бангкок)

Информатика:

1. Компьютердің негізгі бөліктерін ата? (Жүйелік блок, монитор, пернетақта)

2. Принтердің неше түрі бар? (3 түрі бар)

3. Вирустың кері әсерін жоятын бағдарлама? (Антивирус)

4. «Компьютердің атасы» деп кімді атаған? (Ч. Беббидж)

5. Бұл адам атақты Microsoft компаниясының президенті? (Билл Гейтс)

Үшінші кезең «Жорға»

1. Турға 3 адам қатысады. Екінші турда жиналған ұпай есептелмейді;

2. Қатысушыларға мектептен тыс 4 тақырып берілген. «Салт-дәстүр», «Спорт», «Тұлғалар», «Еркін тақырып». Олардың әрқайсысында күрделілігі бойынша бағаланатын сұрақ жасырылулы. Оған сәйкес 10; 20; 30; 40 балл беріледі;

3. Қатысушылар кезек бойынша тақырып пен сұрақ бағасын тандайды. Тандалатын сұрақ саны – 4, әркім өзі тандаған сұрағына жауап береді. Ойлануға 10 секунд уақыт беріледі;

4. Сұрақтарды ойыншылар кезек бойынша тандайды және сол кезекпен жауап береді;

5. Дұрыс жауап берген жағдайда ойыншы сұрақ бағаланған мөлшерде ұпайға ие болады;

6. Ойыншы дұрыс жауап бермеген жағдайда, оның қарсыластары өз кезегінде қол көтеру арқылы дұрыс жауап беруге талпыныс жасай алады;

7. Егер екінші ойыншы дұрыс жауап бере алмаса, жауап беру құқығы үшінші ойыншыға өтеді. Ол екінші ойыншы тәрізді ойланбай жауап беруге міндетті;

8. Кез келген жағдайда сұрақта көрсетілген ұпай дұрыс жауап берген ойыншыға өтеді;

9. Турдың (ойынның) жеңімпазы болып үшінші турда барынша мол ұпай жинаған ойыншы танылады;

10. Ұпай саны тепе-тең түсетін болса төртінші тур (овертайм) өткізіледі.

«Салт-дәстүр» сұрақтары:

1. «Бастаңғы» деген дәстүрдің мағынасын түсіндір.

(«Бастаңғы» жастардың ата-анасы үйде жоқ кезінде өзінің қатарын шақырып, жегізетін тамағы. Үйдің үлкендері жол жүріп кеткенде, ауыл жастары сол үйге жиылып, «жолаушыларды» жолда басы ауырмасын деп, бастаңғы жасататын болған. Ән айтылып, ойын сауық құрған).

2. Сыбаға дегеніміз не?

(Сыбаға (дәстүр). Құрметті қонаққа немесе өздерінің жақын-туыстарына арнап сақтаған кәделі ет мүшелері «Сыбаға» деп аталады).

3. Енші (салт). «Оған бай қалың беріп, қатын әперді де, кейін енші беріп бөлек шығарады» (С. Мұқанов).

Балалары ер жетіп, жеке үй болғанда ата-анасы оған отау тігіп, дүние-мүлікті «жасау» дейді.

4. Бәсіре (дәстүр). «Жастайынан бағып ем, бәсіре ғып торы тайым» (Х. Талғаров).

(Бала туған кезде немесе есі кіріп, оң-солын таныған соң, «сүндет тойына» немесе мектепте барғанда атасы немесе өз әке-шешесі оған тай атайды. Оны «бәсіре» тай дейді. Бала оны ерекше күтімге алады, бағады, үйретеді. Және сол арқылы мал бағуға, еңбекке үйренеді. «Бәсіре» атау баланың көңілін өсіреді, өмірге бейімдейді. Өз қатарына «бәсіре тайым бар» деп мақтанып, өсіп жүреді. Мұның бәрі баланың көңілін өсіріп, ынталандырып тәрбиелеудің бір жолы).

«Спорт» сұрақтары:

1. Қазақтан шыққан тұңғыш олимпиада чемпионы кім?

(Әлжан Мүсірбекұлы Жармұхамедов,

спортқа еңбегі сіңген спорт шебері, қазақтан шыққан тұңғыш Олимпиада чемпионы. Чемпиондық атақты баскетболдан 1972 жылы Мюнхен олимпиадасында алған, әлемнің және Еуропаның бірнеше дүркін чемпионы, КСРО чемпионатының тоғыз дүркін чемпионы);

2. Бокстан қазақтар арасында алғаш олимпиада чемпионы кім?

(Боксшы Бекзат Саттарханов, 2000 жыл, Сидней қаласы);

3. Қазақстан жазғы олимпиада ойындарына алғаш рет қай жылы қатысты?

(1996 жылы Қазақстан жазғы Олимпиада ойындарына алғаш рет қатысты. Атланта Олимпиадасы, 1996 жыл)

4. Қазақ қыздары арасынан бокстан шыққан тұңғыш әлем чемпионы кім?

(Назым Қызайбай. Қазақ қыздары арасынан шыққан тұңғыш әлем чемпионы. Бокстан Қазақстаннан шыққан әйелдер арасындағы тұңғыш әлем чемпионы). «Тұлғалар» бойынша сұрақтар:

1. Қазақтың арасынан шыққан тұңғыш ғарышкер, ҚР-ның Халық Қаһарманы (Т. Әубәкіров)

2. Қазақстанның тұңғыш астанасы? (Ақмешіт қаласы, қазіргі Қызылорда қаласы)

3. Қазақ Ғылым Академиясының тұңғыш президенті, (Қ. Сәтбаев)

4. ҚР Мемлекеттік әнұраны ретінде қабылданған «Менің Қазақстаным» әні қай жылы жазылған және әнді алғаш орындаған кім? (1959 ж. Жамал Омарова)

«Еркін тақырып» бойынша сұрақтар:

1. Семей полигоны қай жылы жабылды? (1991 ж. 29 тамызда)

2. Неге Бәйтерек монументінің геометриялық өлшемдеріне дейін (98 м) символдық мәні бар дейді? (Елорда Алматыдан Астанаға көшіп келген жылдың соңғы екі санына сәйкес келеді)

3. Конституцияда не туралы жазылған? (Құқық пен міндет)

4. Алғашқы рет ҚР Мемлекеттік әнұраны ретінде «Менің Қазақстаным» әні қай жылы орындалды? (2006 ж. 10 қаңтарда)

Жұмбақтар жарысы:

Келді кезек жұмбақтарды шешуге, Жауаптарын үш тілде беруге.

Қазақ, орыс, ағылшынды білсеңіз, Жақсы баға, шәкірт, саған несібе.

Жасырылған жұмбақтардың жауабын қазақ, орыс, ағылшын тілдеріне аудару керек.

1. Көкке шаншып құйрығын, Келеді шауып жүйрігім.

(Жылқы — лошадь — horse)

2. Ащыдан басқа жемейтін Ыстық шөлде Отаны.

Шөлдесе су демейтін.

(Түйе — верблюд — camel)

3. Тастан тасқа секірген,

Ұзын салпаң құлақты.

Қойдан маза кетірген.

(Ешкі — коза — goat)

4. Екі айнасы бар,

Екі найзасы бар.

(Сиыр — корова — cow)

5. Аласа ғана бойы бар,

Айналдырып киген тоны бар.

(Қой — баран — sheep)

Қорытынды.

Қатысушыларды марапаттау.

Математикалық дәмхана



**Жамал
Мухтаровна
ЖЕПЕНОВА,
№29 орта
мектептің
математика пәні
мұғалімі.
Астана қаласы.**

Мақсаты:

Білімділік: оқушылардың білімге деген көзқарасын қалыптастыра отырып, математика пәніне деген қызығушылығын ояту;

Дамытушылық: оқушылардың математикалық ой-өрісін дамыту;

Тәрбиелік: оқушыларды алғырлыққа, шапшаңдыққа, ізденімпаздыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу.

Көрнекіліктері: ойын тақырыбына байланысты плакат, математикаға байланысты нақыл сөздер, үлестірмелі карточкалар.

Пәнаралық байланыс: қазақ тілі, бейнелеу.

Ойын барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі: ойын шартымен таныстыру, қатысушыларды анықтау.

- Балалар! Бүгін біздің сабақтан тыс іс-шарамызға Астананың орманынан үкі ұшып келіпті: Ол: «Менде бәрін білгім, көргім келеді!» - деді.

Сәлеметсіздер ме, оқушылар!

Нақты білімге қызығушылар.

Естігенін естіп тұрып,

Оқығанын миға тоқушылар.

Сәлеметсіздер ме, ұстаздар!

Айтар ойын тұспалдар.

Біз оқытқан оқушылардың,

Сәті келді сыналар.

Есепті түрлі-түрлі шығарамыз,

Арасында ойын ойнап жарысармыз.

Ойлы сұрақ, жеңіл сұрақ бәрі де бар,

Әзіл есепке бүгінгі кеште де орын бар.

Олай болса, бұл не тұрыс,

Кешімізді біз бастайық.

- Қымбатты математика жанкүйерлері мен осы залға жиналғандар!

Математика — бұралаңсыз нақты білім,

Үйрететін бақыт тілін, бақ тілін.

Айдынында сүңгіп, сүңгіп жүзсең бір,

Тарқалмайды қуаныш пен шаттығын, - деп мектебімізде өтіліп жатқан «Математикалық дәмханаға» қош келдіңіздер демекпін! Біздің дәмханамызда бүгін математиканың алғырлары, тапқырлары білімдермен сынасады. Осы кафенің ашылуына орай арнайы шақырылған меймандарымыз бар, ендеше, олармен таныс болыңыздар!

Жиналған ылғи дарындар,

Жүректе от көздерінде жалын бар,

- дей келе, ортаға қонақтарымыз 5 «В» сыныбының «Дәмді фигуралар» тобын қол соғып қарсы алайық!

Үлгілі тәртіп, жақсы оқу,

Алға қойған мақсатын.

Әрқашанда мектепте,

Шығып жүрген жақсы аты, - деп 5 «Г» сынып оқушыларынан құралған «Тәтті цифрлар» атты тобын ортаға шақырамыз!

- Құрметті кафе қонақтары! Өздеріңізге арнайы әзірленген үстелдерге жайғасыңыздар. Өздеріңіздің үйлеріңізде отырғандай еркін сезініңіздер! Сондай-ақ бұл кафеде математиканы сүйіп оқитын, оның қыр-сырын меңгеруге құлшынысы бар барлық математика жанкүйерлеріне де орын бар. Математика мерекесіне қатысып отырған командаларымен жанкүйерлерге «Қош келдіңіздер» деп алдарыңызға кафеміздің бүгінгі мәзірін ұсынамыз:

1. Салаттар:

- a. «Математикалық винегрет»;
- b. «Математикалық рагу»;

2. Ыстық тамақ:

- a. Ойлау тұздығы қосылған — «Тұшпара»;
- b. «Түрлі есептерден тұратын» пицца;

3. Математикалық ойын антракт;

4. Жұмбақ, жаңылтпашқа толы жеміс-жидектер;

5. Сусындар.

- Ал, ендеше құрметті көрермендер! Нақты сайысымызды бастайық!

Салаттар.

a. «Математикалық винегрет»;

b. «Математикалық рагу» салаттарын ұсынамыз. Бұл салат сіздердің бойларыңызға жағымды сінуі үшін командаларға кезектесіп сұрақтар қойылады. Егер бір команда сұраққа дұрыс жауап бере алмаса, онда

басқа команда жауап беру құқығына ие болады. Дұрыс жауап бір балмен есептеледі.

«Математикалық винегрет»:

1. Бұрышты өлшейтін құрал? (Транспортир)

2. Қандай сан барлық санға қалдықсыз бөлінеді? (1)

3. Екі нүктемен шектелген түзудің бөлігі? (Кесінді)

4. Заттарды өлшеу үшін қолданылатын сандар? (Натурал сандар)

5. 1-ге және өзіне бөлінетін сандар? (Жай сандар)

6. Ең кіші үш таңбалы сан? (100)

7. Қандай сандар 5 ке бөлінеді? (5 немесе 0 мен аяқталған сандар)

8. Ең үлкен екі таңбалы сан? (99)

9. Ең кіші жай сан? (2)

10. Бір жағы нүктемен шектелген түзудің бөлігі? (Сәуле)

«Математикалық рагу»:

1. Ең үлкен 3 таңбалы сан? (999)

2. Жалғыз жұп жай сан? (2)

3. Тік бұрыш неше градусқа тең? (90)

4. Екі ғасырда неше жыл бар? (200)

5. Ең кіші ортақ еселік дегеніміз не? (Берілген сандардың ортақ еселіктерінің ең кішісі)

6. Қандай сандар 10 ға бөлінеді? (0 мен аяқталатын сандар)

7. 180 минутта неше сағат бар? (3 сағат)

8. Екі немесе одан да көп бөлгіші бар сандар? (Құрама сандар)

9. Қандай сандар 2 ге бөлінеді? (Жұп цифрмен аяқталатын сандар)

10. Ең үлкен ортақ бөлгіші 1 ге тең болатын сандар қалай аталады? (Өзара жай сандар)

Ыстық тамақ: екі командаға даяшылар есеп жазылған команда ойыншысы есепті дауыстап оқып, 2 мин ойлануға уақыт алады.

Ойлау тұздығы қосылған — «Тұшпара»

1. ЕКОЕ(24 және 150)
2. Парсы шаруасы үш ұлына 17 түйесін мұраға қалдырды. Бірінші ұлына барлық түйесінің $\frac{1}{2}$ - ін, екінші ұлына $\frac{1}{3}$ - ін, үшінші ұлына $\frac{1}{9}$ - ін алуды тапсырды. Ағайындылар көп ойланды, бірақ әкесінің мұрасын ол айтқандай етіп бөле алмады. Сол кезде олардың жанынан түйесімен Қожанасыр өтіп бара еді. Ол түйелерге өзінің түйесін қосып, мәселені шешуді ұсынды. Қожанасырдың түйесін қосып, ағайындылар түйелерді

әкесі айтқандай бөліп алды. Қожанасыр да өз түйесін қайтарып алып кетті. Ойланындар, бұл қалай болған?

3. Теңдеуді шешіңіз:

«Түрлі есептерден тұратын» пицца.

1. ЕКОЕ (35 және 175)
2. Бір оқушы қой бағатын кезегім» деп сабақтан қалып қойғанда мұғалімі қанша қойың бар?» деп сұрапты. Сонда оқушы: «Біреуі екеуінің алдында жүреді, екеуі біреуін айдап жүреді, ал біреуі екеуінің ортасында жүреді депті. Қанша қой бар? (3 қой).

3. Теңдеуді шешіңіз.

Математикалық ойын антракт.

Құрметті қонақтар! Сіздердің асқазандарыңызды математикалық тағамдардан сәл ғана демалту мақса-



тында кішкене ғана математикалық антракт жарияласақ дейміз. Алдымен «Қара жорға» биін билеп, көрермендермен ойын ойнатылады.

1. Дүкеннен мен сабын алдым,
Оның және қабын алдым.
Екі дәптер, бір қарындаш,
Тіс ысқышты тағы да алдым.
Есептеші сонда бәрі,
Қанша болады, қолда бары? (6)

2. Бір-бірімен жарысқан,
4 аю, бір арыстан.
2 қой мен 1 түлкі,
Бәрі нешеу кім білді? (8)

Жұмбақ – жаңылтпашқа толы жеміс-жидектер.

Тақтада көрсетілген жемістер корзинасынан топ басшылары жемісті тандап ондағы жұмбақты тобына жасырады да, жаңылтпашты өзі айтуы қажет.

Жұмбақтар:

1. Нәрселерді санағанда,
Керек ол бізге ауадай,
Айтыңдаршы, бұл қандай сан,
Жан-жағыңа карамай? (Натурал сан)

2. Түзудің бір бөлігі
Екі шеткі нүкте көрігі
Ұзындығы және бар
Айтшы сыйлық сенікі. (Кесінді)

1. Кім сызғышсыз?
Біз сызғышсызбыз!

Сызғышсыздарға,
Сызғышсыз сызғыз.

2. Жоғалды 5 шыбыш,
Жоқ әлі еш сыбыс.
Әлі жоқ еш сыбыс

Жоғалды 5 шыбыш.

Сусындар: мақал-мәтелдер сайысы.

Ол үшін сіздерге, сандарға байланысты мақал-мәтелдер ұсынылады. Сіздер мақал-мәтелдердегі сандарды дұрыс табуларыңыз керек. Әр дұрыс жауап 1 балмен бағаланады.

1-сусын:

... (екі) жақсы қас болмас, ... (екі) жаман дос болмас.

Досынды ... (үш) күн сынама, ... (үш) жыл сына.

... (10) рет айтқаннан ... (1) рет көрсеткен артық.

Білгенің бір ... (9), білмегенің ... (99).

Ит... (7) қазынананың бірі.

Жігіт ... (1) сырлы, ... (8) қырлы болады.

... (бір) күн тұзын татқанға, ... (40) күн сәлем.

2-сусын:

Жұмысқа ... (үш) жылда үйренеді, жалқаулыққа ... (үш) күнде үйренеді.

... (6) жыл аш болсаң да, атаңның салтын ұмытпа.

Болар бала... -інде (15) баспын дейді, болмас бала ... (25)-інде жаспын дейді.

... (бір) елі ауызға - ... (елі) қақпақ.

Айдағаны ... (5) ешкі, ысқырығы жер жарады.

Ұлға ... (30) үйден, қызға (40) үйден тыю

Жақсы жігіт ...-інде (15) де жас емес, ...-ге (100) келсе де пәс емес.

Қорытынды. Мақтау қағаз, сыйлықтар тапсыру.

Отан – отбасынан басталады

Отбасы — қоғамның іргетасы, ажырамас бөлігі. Отбасы бізге күш пен өзімізге деген сенімділік береді, өмір үйрететін сабақтардан сүрінбей өтуге көмектеседі, адамгершілік құндылыққа баулайды. Тұлға болып қалыптасу көбінде тәрбиеленген ортаға, адамдарға, олардың арақатынасына тәуелді болады. Бір сөзбен айтқанда, отбасы — барлық рөлдері бөлініп қойылған қоғамның шағын моделі болып табылады.

Қыркүйектің он бірі — Қазақстан Республикасының «Отбасы күні» болып белгіленгені мәлім. Осы орайда Батыс Қазақстан облысы Орал қаласына қарасты Серебряково жалпы орта білім беретін мектебінде «Отан — отбасынан басталады» атты апталық ұйымдастырылды. Мақсаты: Отбасы мүшелерінің арасындағы бауырмалдық, қайырымдылық қатынастарын нығайту, ата-анасын сыйлай білетін азамат тәрбиелеу, отбасы құндылықтарын арттыру. Ұлттық салт-дәстүрлерді сақтау, отбасы тәжірибесін насихаттау.

Аталмыш шара жоспар негізінде ашылып, таныстырылым жасалып жүйелі түрде жұмыстар атқарылды. Мәселен: «Отбасым — ба-

қыт мекені» тақырыбында барлық сыныпта сынып сағаттары өткізілсе, тіл мамандарының мұрындық болуымен «Отбасым шежіресі» тақырыбында оқушылар эссе жазды. Еңбек пәні мұғалімдері ұйымдастырған «Отбасы. Бақыт. Мейірім» тақырыбында сурет салу (көрме) ұйымдастырылса, «Отбасы — ұлт тілінің ұясы» атты бастауыш сынып оқушылары үшін «Әжемнің ертегісін тыңдайын», «Атамның ақын алайын» тақырыбында әжелер-





лігі мен берекесі таймаған, күннің шуағындай жылылығымен баурайтын отбасылар жетерлік. Осындай тәрбиелік мәні зор мерекелік шарада, өз көрген-білгендерімен бөлісіп, көрермендерге, соның ішінде жас отбасыларға ерекше әсер беріп, ой салғанына сенімдіміз. Өйткені, тәрбиенің алғашқы әліппесін отбасында алып, адамгершілік пен ізгіліктің негізі қаланады.

**Бауыржан Жасұланұлы
ЗИНЕШОВ,
Серебряково ЖОББМ
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің
мұғалімі.
Орал қаласы,
Батыс Қазақстан облысы.**

мен, аталармен кездесу өтті. Тәрбие тал бөсіктен басталады демекші «Әкелер мектебі», «Аналар мектебі» мүшелерінің тікелей қолдауымен жоғары сынып оқушыларына дөңгелек үстел өтіп қорытындыланды.

«Әке — асқар тау, ана — бауырындағы бұлақ, бала — жағасындағы құрақ», — дейді қазақ, қанша жыл отасса да бір-



Шығармашылық ізденіске жетелейді

Кітап — ғажап дос. Ол өмірдің қиын сәттерінде сенімді сырласың болады. Ешқашан өкіндірмейді. Осы бір айтылып, жазылып қалған ғанибет сөздер оқырман бойына жігер мен табысты қосып құйғандай. Іздену де, талпыныс та адамдар жасын талғамайтын қасиеттер. Мен де сол ойшылдар мен ғалымдардың ақындардың, шешендердің сөздеріне табынушы оқырман кітапханашымын.

Кітапханашы — көп салалы еңбек адамы. Кітапханашының жұмыс жоспары — адам-

ұстазға жаңаша жұмыс жасауға, үнемі шығармашылық ізденісте әдістемелік көмек беріп отырады. Қазіргі уақытта заман да жаңа, оқушы да жаңа.

Жаңашыл кітапханашы — жаңашыл ұстаз, жаңашыл үйретуші. Мектепте жақсы оқушы, орташа оқушы деп бөліп-жарады, ал кітапханашыға оқырманның бәрі бірдей. Оқушы баланың ойы жүйрік, болашақ қоғам қайраткері, озат мамандық иесі болуы үшін бойына барлық жақсы ізгіліктерді сіңіруіне өз үлесі-

мізді қосып отырамыз. Біздің кітапханамыз күрделі жөндеуден өткізілген. Жөндеу кезінде кітапхананың терезесіндегі перделер ауыстырылып, шамдары жаңартылып, төсеніштері ауыстырылып, қабырғалары әктелді. Қазіргі таңда кітапхана оқырмандарына кітап оқуға толық жағдай қарастырылған. Кітапханаға оқырмандар, оқушылар жиі келіп қажетті әдебиеттерін, материалдарын жазғызып алып, газет-журналдарды оқу залында



дармен қарым-қатынас құралы болып табылады. Кітапханашы шығармашылық ізденісте оқырманмен байланысып, оқушының мәдени-ағарту, әр ғасырда өмір сүрген ғалымдар еңбегімен танысуына ықпал етеді. Ыбырай Алтынсариннің «Туы бірдің түбі бір, жолы бірдің жүгі бір» деген аталы сөзіне ден қойсақ, бала тәрбиесі баршамызға ортақ.

Балаларға тәрбие берудегі игі мәдени шаралар кітапханада атқарылып келеді. Кітапханашы баланы оқыту мен тәрбиелеуде

отырып керегінше пайдаланады.

Кітапханашы — үйретуші ұстаз. Ол да жаңа заман талабымен жұмыс жасап, ізденіп, ұрпақ тәрбиесіне үлес қосып, ой салады.

Аманслу Тлектесовна
ИСКАКОВА,
Сазды тұрғын үй алабындағы
№10 модельді
кітапхананың менгерушісі.
Ақтөбе қаласы.

Ерлік туралы сыр шерткен

Қазақстанның Халық Қаһарманы, жазушы-партизан Қасым Қайсеновтің туғанына 105 жыл

Қасым Қайсенов Қазақстанның Халық қаһарманы көрнекті жазушы, Ұлы Отан соғысының ержүрек батыры, әйгілі партизан, көзі тірісінде аты аңызға айналған халқымыздың қайталанбас біртуар данқты перзенті. 1941 жылы қараша айында осы мектепті бітірген бойда, Оңтүстік-Батыс майданының штабына жөнелтіліп, сол жерден арнайы тапсырма алып, партизан отрядын құру үшін жау тылына түсіріледі. Қасым Қайсенов партизан құрамасының үшінші отрядын басқарады. Одан кейінгі кездерде, 1944 жылдың аяғына дейін Молдавия, Чехословакия, Румыния жеріндегі партизан қозғалыстарына қатысады. Отряд командирі болып жүріп, жау тылында жүздеген жорықты басынан өткереді. Соғыс аяқталған соң Отаны Қазақстанға оралады. Қайсенов Ұлы Отан соғысының қиын-қыстау кезеңін, жауынгерлердің жанқиярлық ерлігін шынайы суреттеген, оқушы жұртшылыққа кеңінен мәлім көптеген шығармалардың авторы. 1954 жылы орыс тілінде «Жас партизандар» атты алғашқы кітабы жарық көрді. Одан кейінгі кездерде «Ажал аузынан», «Жау тылындағы бала», «Днепрде», «Жау тылында», «Партизан соқпақтары», тағы басқа әңгіме, очерк, повесть жинақтары оқырман қолына тиді. Бұл шығармалары орыс, басқа да көптеген

тілдерге аударылған. Кейінгі кездері «Елімнің ертеңіне сенемін» «Естеліктер мен жазбалар» тағы да басқа кітаптары жарық көрді. Өр мінез, батырлық пен батылдық, қайсарлық — қазақтың қанға сіңген қасиеті. Ел басына күн туып, оның болашағына қауіп төне бастаған кезде бүкіл Одақ жұртшылығымен бірге қазақ халқы да жұдырықтай жұмылып, қан майданға аттанды. Бүкіл қажыр-қайратын жеңіс жолына сарп етті, тіпті өз өмірлерін қиды. Көзі тірісінде-ақ аты аңызға айналған қазақтың қас батыры, Ұлы Отан соғысының ардагері, Қазақстанның Халық Қаһарманы, жазушы-партизан Қасым Қайсеновтің туғанына биыл 105 жыл. №3 қалалық кітапхана серіктес №39 мектеп біріге отырып, «Ерлік туралы сыр шерткен» әдеби лото кеш өткізілді. №39 қазақ ЖББО мектебінің 7-сынып оқушылары Есехаев Ерасыл, Бисен Рахман, Ақбай Раушан, Макаев Амир жазушының «Жау тылындағы бала» шығармасынан көрініс көрсетті, рольдерін ойнап соғысқа аттанғаны, сол кезеңдегі көріністерді ойнап сомдап берді.

Оқушылар ана, Отан туралы өлен оқып, әдеби лотодан дайындалған сұрақтарға жауап беріп, оқылған кітап туралы ойларын бөлісті. Қасым Қайсенов туралы өмір жолы мен шығармалары туралы көпшілік оқырманға

мағлұмат беру, туған жерге, Отанға деген сүйіспеншіліктерін арттыру, батырдың ерлік істерін ұрпаққа үлгі ету мақсатында Отан үшін отқа да, суға да түскен батыр ұл-қыздарын Қазақстан халқы ешқашан ұмытпайды. Сондықтан да, бүгінгі жас ұрпақ осындай батырдың өмірі мен өр рухын өздеріне үлгі етуі керек. Шара барысында Ұлы Отан соғысының батыры, Қазақстан-

ның Халық Қаһарманы Қасым Қайсенов туралы мектеп кітапханашысы Қонырова Нурсауле слайд, видео көрсетіп, жазушының өмір жолы туралы мағлұмат берді.

**Жанар Казбековна
НУРЫМГЕРЕЕВА,
№3 қалалық кітапхана меңгерушісі.
Ақтөбе қаласы.**

Отбасы тәрбиесі – өркеніетп бастауы

Әке – асқар тау,
Ана – мөлдір бұлақ,
Бала – жағасындағы құрақ.

Тәрбие тал бесіктен басталады. Әке мейірімі мен құрышын қандырып, ана сүтінен нәр алып, әке ұлағаты мен ана тағылымын көріп өскен ұрпақ елін, жерін, халқын сүйетін ұлтжанды тұлға болып қалыптасады. Отбасы – бұл қоғамның негізі. Баланың болашақта жақсы азамат болып өсуі, жан-жақты тәрбиелі болуы отбасында берілетін тәрбиеге тікелей байланысты. Отбасының басты қызметі баланы тәрбиелеу. Отбасы тәрбиесі – бұл жалпы тәрбиенің ең басты бөлігі. Ата-ана және отбасы мүшелері жас нәресте дүниеге келген күннен бастап, оның өміріне қамқорлық жасап, болашағын жоспарлайды және саналы азамат болып өсу үшін қажет жағдай жасайды. Бұған ба-

ланың қажетін толық қанағаттандыру, оны дене және ой еңбегіне үйрету, күн тәртібін дұрыс реттеуге, салауатты өмір сүруге, адал болуға тәрбиелеу, жақсылықты үйретуге, жамандықтан жиренуге үйрету, бойына жастайынан мәдени



құндылықтар мен адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру жатады. Осы орайда отбасы күніне орай Сазды тұрғын үй алабындағы №10 кітапхананың залында Халықаралық, республикалық, облыстық, қалалық байқаулардың жүлдегерлері, жас ұрпақты өнерге баулып жүрген, үлгілі, халықтық «Ниязбековтер» отбасылық ансамблінің көркемдік жетекшісі көп балалы ана, «Күміс алқа» иегері, Мирамгүл Шүкірбайқызы Алпысовамен сазды сұқбат ұйымдастырылды. Шараға отбасылық ансамбльдің мүшелері, оқушылармен қонақтар қатысты.

Кез келген отбасының өзіндік ұстанымы, бағыт-бағдар құндылықтары болады. Ал, бұл жанұялық ансамбльдің ұстанымы, отбасылық құндылықтарды, отбасындағы мейірімді қарым-қатынасты насихаттап, қазақтың ұлттық өнерін дәріптеу.

Қазақтың ұлттық өнерін дәріптеу мақсатында отбасылық ансамбль 2014 жылдан бастап халықтың ризашылығына бөленіп, барлық мәдени іс-шаралараға белсене қатысып, қазақы дәстүрді, салтты насихаттау мақсатында жұмыстанып отырған жәйі бар.

Отбасы осындай құндылықтарға негізделген «мемлекет» болса ғана тамыры тереңге жайылған әулетке айналмақ.

Отағасы – Усер Ниязбеков ансамбльдің демеушісі. Үлкені Ләззат Ақтөбе гуманитарлық колледжін би мамандығы бойынша аяқтап, қазіргі таңда Алма-



ты қаласындағы Темірбек Жүргенов атындағы қазақ ұлттық өнер академиясының студенті. Ал Айзаты – жетігенші, Ұлболсын болса саз сырнай мен жетігенді дөңгелете жөнеледі. Кішкентай Қадыр мен Мадина да әпкелерінен қалысар емес. Олар да

шама шарқынша домбыра тартып, ән салып, би билейді.

Мирамгүл Шүкірбайқызы тек өзінің балаларын өнерге баулып қана қоймай, қайын інілерінің балаларында өнерге баулумен айналысады. Махаббат, Мөлдір, Мадина, Үмітте осы ансамбльдің өсіп өнуіне шама-шарқы келгендерінше үлес қосуда. Кәзіргі таңда ансамбль құрамында 10 адам өнер көрсетіп жүр. Болашаққа жоспарлары өте көп. Домбыра, жетіген, саз-сырнай, асатаяқ аспаптарымен сүйемелденген жыр-термелер, халық әндері, күйлер халықтың құлағының құрышын қандырады.

Отбасының басты қазығы, алтын дінгегі – бала. Баланың тәрбиелі жанжақты болып өсуіне берекелі, өнегелі, ынтымақты отбасының ықпалы мол. Балаларын өздерін қоршаған ортаға және қоғамға пайдалы азамат етіп өсіру – ата-ананың ең маңызды міндеті. Ал, бұл жанұя осы міндетті берік ұстанған.

Айнұр Әбдіқызы ТАҒАН,
Сазды тұрғын үй алабындағы
№10 модельді
кітапхананың кітапханашысы.
Ақтөбе қаласы.

Мамандығым – мақтанышым

Мамандық тандау — бұл өте маңызды іс. Өйткені біз өзіміз тандаған мамандық саласында өмір бойы қызмет атқарамыз.

Осыған орай, 2023 жылдың 14 қыркүйек күні М. Ломоносов атындағы қалалық орталық кітапханада «Дарабоз» жобасы аясында «Мамандығым — мақтанышым» атты әр түрлі маман иелерінің қатысуымен кездесу кеші ұйымдастырылды.

Шараның басты мақсаты — оқушылардың алдында тұрған басты мәселе

Ісім оңсын десеңіз

Сол істің маманы болыңыз.

Даңқым шықсын десеңіз,

Көпшіліктің адамы болыңыз.

(Әл-Фараби)

болашақ мамандығын тандау. Мамандықты дұрыс тандау — ол өмір жолының сәттілігінің негізі.

Жүсіпбек Аймауытов: «Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ мұның кез келгеніне икемділік қажет. Бұл жай күнелту, тамақ асыраудың ғана жолы емес» дейді. Өз ісінің бүге-шігесін толық меңгерген кәсіби маман болу үшін, икем, қабілет және мінез қажет. Адамдар мамандықты жүрегінің қалауы бойынша тандау керек. Өйткені әрбір адамның болашағы тандаған мамандығына тікелей байланысты.

Аталған іс-шараға «Центртелес-вязь» ЖШС бас есепшісі Бижанов Жания Набатовна, Полиция майоры, Батальон командирінің орынбасары Темірболат Азамат, «Қазақстан темір жолы» ҰК АҚ-ның Бизнес-аналитика департаментінің статистика бөлімінің инженері Досова Жанаргул Сагитқызы, «Керек Инфо» газетінің журналисі Смағұлова Аружан Ізтілеуқызы шараға қонақ ретінде қатысып, өз ойларымен бөлісіп, сан алуан мамандық болғанымен тандау біреу екенін нақтылап айта отырып, оқырмандардың сұрақтарына жауап берді.

Шараның жүйелі өтуіне Ақтөбе қаласының Ғ. Ақатаев атындағы №6





мектеп-гимназиясының оқушылары мен Ақтөбе қаласының №52 орта мектебінің оқушылары және кітапхананың тұрақты оқырмандары атсалысты.

Шара барысында «Мамандық таңдау – өміріңіздің бір кірпішін дұрыс қалау» тақырыбына арналған кітап көрмесі жасақталып, библиография-

лық шолу жасалынды. Кітапхананың тұрақты оқырманы 6-сынып оқушысы Амандық Жансұлтан Талғатұлы кеш қонақтарына ән шашуын тарту етті.

Сондай-ақ патша көңілді оқырмандарымызға «Қалалық орталықтандырылған кітапхана жүйесі» КММ директорының орынбасары Есенгулова Анаргүль Әшімқызы шараға қатыс-

қан қонақтарға алғыс хаттар мен сыйлықтар табыс етті.

**Нурзада Жайылханқызы
САДЫКОВА,**

**Қалалық орталық кітапхана
қызметкері.
Ақтөбе қаласы.**



Ел рәміздері – ел рухы

Сабақтың барысы:

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны орындалады.

Жүргізуші: Армысыздар құрметті оқушылар және сабағымыздың қонақтары.

Тәуелсіз Қазақстан Республикасы – Еуразия материгінің орталық бөлігінде орналасқан мемлекет. Жер көлемі – 2724,9 мың км². Қазақстан жер көлемі жөнінде дүние жүзі бойынша 9-орынды иеленді. Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін 1991 жылы 16 желтоқсанда жариялағаны белгілі. Кез келген мемлекеттің басқалардан ерекшелеп тұратын нышандары болады. Қазақстан Республикасының Конституциясының 9-бабында «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері – Туы, Елтаңбасы және Гимні» делінген. Сондай-ақ осы заңның 34-бап, 2-тармағында

«Әркім Республиканың мемлекеттік нышандарын құрметтеуге міндетті», - делінген «Ел рәміздері – ел рухы» атты тәрбие сағатын бастауға рұхсат етіңіздер.

Негізгі бөлім.

Оқушыларды 2-топқа бөлу. 1-топ. **Туған жер; 2-топ. Атамекен.**

1-топтың сұрақтары:

1. Қазақстан Республикасының рәміздеріне нелер жатады? (Жауап: Ту, Елтаңба, Әнұран)

2. Қазақстан Республикасының Әнұраны неше рет ауысты? (Жауап: Екі рет)

3. Мемлекеттік Елтаңбада кездесетін аспан денесі? (Жауап: Жұлдыз)

4. Мемлекеттік Тудың ұзындығы мен енінің қатынасы қандай? (Жауап: 2х1 м.)

2-топтың сұрақтары:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері қабылданған жыл? (Жауап: 1992 ж.)

2. Мемлекеттік Рәміздер күні: (Жауап: 4 маусым)

3. Мемлекеттік Елтаңбада бейнеленген жануар? (Жауап: Қанатты пырақ)



4. Қазақстан Республикасының жаңа Әнұраны алғаш рет қандай жиында орындалды?

(Жауап: Ел президенттің ұлықтау рәсімінде)

Жүргізуші: Егеменді еліміз жер бетіндегі басқа мемлекеттермен терезесі тең, өркениетті ел ретінде танылып, 1992 жылы 4 маусымда Мемлекеттік рәміздер Ту, Елтаңба, Әнұран бекітілді. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев Жарлығымен 4 маусым «ҚР Мемлекеттік рәміздер күні» болып белгіленді. ҚР Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда референдумда қабылданды. 9-бөлім, 98-баптан тұрады. 9-бабында ҚР мемлекеттік рәміздері – Туы,



Елтаңбасы, Әнұранның сипаттамасы және ресми пайдалану тәртібі конституциялық заңмен бекітілген. 34-бапта әркім республиканың мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге міндетті екені айтылады. Мемлекеттік рәміздер белгілі бір елдің өзіндік өмір салтын, бүкіл

болмыс ерекшелігін, айрықша арман аңсарын, басқалармен байланыс мұраттарын білдіреді.

Осы бір қасиетті белгілердің мәнін әрбір азамат терең түсініп, оны қас-терлей білу керек.

Мақтансаң мақтан елім деп,
Тани біл елдік таңбанды.
Елтаңба, Туын, Әнұран —
Тәуелсіздікке тән белгі —
Қасиетті осы рәміздер.
Еліме рух, мән берді,
Иесі оның мына біздер, - деп тәрбие
сағатымызды ары қарай жалғастыра-
мыз.

1-оқушы:

Көк жүзінде көгілдір,
Гүл жайнаған мөлдір нұр.
Қазақстан жалауы —
Азаттықтың алауы.
Желбірейді аспанда,
Отан орны асқарда.
Ендеше елтаңба жайлы, оның мағы-
насы жайлы түсінік беріп өтейікші.

2-оқушы: Мемлекеттік елтаңбаның авторлары танымал суретшілер Жан-дарбек Мәлібеков пен Шота Аман Уә-лиханов. Қазақта «Шаңырағың биік, - керегең кең, босағаң берік болсын» деген тілек сөз бар. Елтаңба авторла-ры осы сөздерді басшылыққа алған. Қазақстан Республикасының Елтаң-басы көгілдір түстің үстіне салынған шаңырақ бейнесінен тұрады. Одан жан-жаққа күн сәулесі тәрізді уықтар тарайды. Шаңырақ пен уықтар біздің Отанымызда тыныштықта жарасым-ды өмір сүріп жатқан көптеген халық-тардың бірлігін көрсетеді. Қазақстан Республикасының Елтаңбасының бір бөлігі ертедегі қанатты тұлпар. Елтаң-

баның жоғарғы жағындағы бес бұрыш — бақытты өмірге жол сілтейтін жарық жұлдыздың белгісі. Төменгі жағында-ғы «Қазақстан» деген жазу республи-каның атын көрсетеді. Масақ Отаны-мыздың байлығы іспеттес.

Қатар шапқан қос тұлпар,
Ай астында қазақ үй
Қалықтаған жас сұңқар,
Шарықтаған таза күй.
Бұл таңбасы елімнің,
Елдігімнің белгісі.
Бейнелеп сан ғасырды
Елтаңбасы елімнің,
Таратады хас үлгі
Ырымдады болса екен деп сәтті күн.
Бейбітшілік, тыныштықтың ныша-
нын,

Көк туымыз білдіріп тұр тап бүгін.

3-оқушы: Елтаңба

Көгілдір түс аясында шаңырағым шарықтап,

Жүйрік пырақ қанатты тұр қанаты-мен қалықтап.

Сәулесіндей күннің алтын уықтар тұр шаншылып.

Қасиетті Елтаңбаға қарап тұрсақ анықтап.

Түп төрінде жұлдызым тұр жаңа жанған бағымдай.

Мәңгі бақи тұрса екен өз орнынан алынбай.

Ортасында «Қазақстан» деген жазу жазылған,

Шаттандырып шабыт берген жүре-гімнің қанындай.

Шаңырақ тұр арқау болып, бар жү-гінді арқалап,

Шаңырағым биік болса шарықтайды шартарап.

Елім үшін шексіз өмір, тіршіліктің нышаны,

Қазақ елі бар әлемге үлгі болып тарқамақ.

Көк кілемдей желде ескен қанатты бар пырағы,

Елтаңбада екі жаққа мойын бұрып тұрады.

Желмаядай жүйрік болған, ай мүіізді пырағым,

Сол пырақпен бейнеленген ата баба тұрағы.

4-оқушы:

Жарық жұлдыз жарқыраған елтаңбаның төсінде,

Баршамызға бағдар берген айлы түннің кешінде.

Міне осындай суреттелген Елтаңбасы елімнің,

Әлі талай сақталады бүкіл әлем есінде.

Ту жайлы айтып отейік

5-оқушы: Егер де Туға тұтас зер салсаң, автордың оны жасағанда үлкен мазмұнды ойластырғаны байқалады. Ол жер жүзінде әлемге нұрын шашқан Күн сәулесі астында қияға қанат қаққан қыран — тыныштық пен баянды өмірдің белгісі, ал ою-өрнек тудың қай елдікі екенін аңғартады.

Тудың авторы — Шәкен Ондасынұлы Ниязбеков белгілі монументші-суретші. Біздің туымыз — көгілдір түсті, тік төртбұрышты мата. Ол бірлік пен аман-есендікті көрсетеді. Оның қак ортасындағы сәулесін шашқан алтын Күн — тыныштық пен байлықтың белгісі.

Қазақ халқы сонау ерте заманнан бері қыранды киелі, қасиетті құс деп есептеген. Туда қыранның орын алуы тәуелсіздік алған Қазақстан қыран сияқты биікте болсын, қыран сияқты ғұмыры ұзақ болсын деген ойдан туған.

Тудың сабын бойлай ұлттық ою-өрнек салынған тік жолақ қазақ елінің өзіндік сипатын, танымдық бейнесін көрсетеді.

Айнымайды аспаннан Мереке бүгін бақ күні

Біздің тудың бояуы Егеменді елімнің

Оны халық қашанда Желбірейді көк туы

Биікке іліп қояды. Түсіндей боп көгімнің

«Көк тудың желбірегені» әні орындалады.

6-оқушы: Кез келген мемлекеттік рәміздердің ең маңыздысы — Әнұран. Әнұран мемлекеттің салтанатты әні. Ол халықты әйгілі етеді. Оның сөздерінде халықтың мыңдаған жылғы тарихы, бүгінгі өмірі мен келешек арманы айтылған. Әнұранды түрегеліп, жүректің тұсына қолдарын қойып айтады. Бұл өз мемлекетіңе деген құрметті көрсетеді. Халық өмір салтын бүгінгі тіршілігі мен келешек армандарын, мың жылғы тарихын осы әнге сыйғызған.

Мемлекеттік Әнұран — еліміздің музыкалық поэтикалық эмблемасы, әдеби сазды құжаты. Ол халық жүрегінің лүпілін тұмар ғып түйген музыкалық сәлем хат іспеттес. Жеңістерге қолбасыдай, ерліктердің

жолдасындай

Еліміздің әнұраны жүректерде жаңғырады.

Жаршысындай даңқымыздың, жан серігі халқымыздың.

Жүргізуші: Мемлекеттік туымыздың авторы кім?

Шәкен Оңдасынұлы Ниязбеков. ҚР Мемлекеттік Туының авторы, Қазақстанға еңбегі сіңген өнер қайраткері, Қазақстан дизайн өнерінің негізін қалаушылардың бірі. 1938 жылы 12 қарашада Тараз қаласында дүниеге келген. Ленинград жоғарғы көркем өнер училищесін бітірген. Алматы қаласының бас суретшісі.

Жүргізуші: Қазақстан дейтін Отан анамыздың Елтаңбасының авторы кім?

7-оқушы: Жандарбек Мәлібекұлы. ҚР Мемлекеттік Елтаңбасының авторы. Өзбекстанға еңбегі сіңген сәулетші. 1942 жылы Қызылорда облысы Жаңақорған ауданының Екпінді ауылында дүниеге келген. Ташкент политехникалық институтының сәулет өнері факультетін бітірген. Ташкент қаласындағы ғылыми зерттеу жобалау институтының қала құрылысы шеберханасының жетекшісі, жобалар жөніндегі бас сәулетшісі, қазір Астанада тұрады.

8-оқушы: Шотаман Ыдырысұлы Уәлихан.

ҚР Мемлекеттік Елтаңбасының авторы. Қазақстанға еңбегі сіңген сәулетші, мемлекет сыйлығының иегері, белгілі қоғам қайраткері. 1932 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданындағы Сырымбет ауылын-

да туған. Мәскеу архитектуралық институтын бітірген. «Қазақ қала құрылысын жобалау» институтының қызметкері.

Жүргізуші: Ал Әнұранымыз қалай өмірге келді? Авторлары кім?

9-оқушы: Шәмші Қалдаяқов есімі аталғанда аузымызға бірден халқымыздың әнұранына айналған «Менің Қазақстаным» әні түседі. Иісі қазақтың көкірегінде жыр болып төгіліп, сыр болып өріліп, әндерінің қай қайсысы да халықпен бірге туғандай біте қайнасып, оның бөлінбейтін бөлшегіне айналып кеткен. Халқының жүрегін осыншалықты сыршыл да кәусар саздың құдіретімен баураған ұлы сазгер есімі ұмтылмайды. Халық жүрегінде мәңгі сақталады.

Алғашқы елтаңбалар қашан пайда болған?

Алғашқы нышандарға жататын тотемдік белгілер әлемнің барлық халықтары арасында кең тараған. Негізінен жануарлар бейнесі кескінделген бұл тұмаршалар белгілі бір рулар мен тайпалардың ортақ рәмізіне айналды. Олардың қай қоғамдастыққа жататынын сол тұмаршаларға қарап ажырататын болды. Кейінірек көсемдер мен рубасыларының билік белгілері ретінде бір уыс шөп, жапырақ, құстың қауырсын қанаты, айрықша әшекейлеп жасалған бас киім және басқа нышандар пайдаланылды. Олардың орнын найза, әшекейлі бақандар мен түрлі темір салпыншақтар басты.

Мемлекеттік рәміздерге байланысты қызықты ақпарат пен деректер

Жүргізуші: Жалпылама Қазақстан

туралы білімдерінді жинақтайсыңдар, балалар.

1. ҚР тәуелсіздікті қай жылы алды?
2. Қазақстан — «Еуразияның кіндігі» деп неліктен аталады?
3. Жер көлемі жағынан Қазақстан нешінші орында?
4. Еліміздің жер көлемі
5. Қазақстанда қанша облыс бар?
6. Қазақстанда қанша ұлт өкілдері тұрады?
7. ҚР неше мемлекетпен шектеседі?
8. ҚР тұңғыш президенті кім?
9. ҚР жаңа Астанасын атаңыз
10. ҚР-ның рәміздерін атаңыз.

Қазақстанға саяхат

Қазақстанның өзендері, көлдері, облыстары, таулары, жазықтарының аттары аталады. Картадан көрсету керек.

Мұнайлы өлке (Батыс Қазақстан), Қазақтың ұсақ шоқысы (Сарыарқа), Күріш өсіретін аймақ (Қызылорда облысы), Ең ірі өзен (Ертіс), Еліміздің бас қаласы орналасқан өзен (Есіл), ең ірі тау (Тянь Шань)

Қорытынды.

Мұғалім: Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстандықтардың жаңа ұрпағы, ең алдымен бәсекеге қабілетті болуға тиіс. Қазақстанға сендердің жасампаз еңбектерін, сендердің күш жігерлерің және сендердің білгендерің қажет. Отан сендерге зор үміт артады. Сендер оны ақтап шыға-

тындарыңа сенімдімін. Отаншылық сезімі, өз еліңе деген мақтаныш оның рәміздеріне деген құрметтен басталады» деген. Сондықтан оқушылар елбасымыздың сенімін ақтайтындай азамат пен азаматша болайық дегім келеді. Туымыз, Елтаңбамыз, Әнұранымыз бүкіл халқымызды жұмылдырып, рухтандырып тұрады. Осындай халық қамын ойлаған азаматы бар қазақ елін бүгінде әлем таниды. **Құрметті оқушылар!** Сендер тәуелсіз еркін елде ер жеткен ұлансыздар. Ендігі жерде еліміздің тағдыры, Қазақстан ертеңі өз қолдарыңызда. Туған елімізді жоғары дамыған елдер қатарына енгізетін мына сендерсіңдер. Ол үшін сендер терең әрі жан-жақты білім алу керексіңдер, - дей келе бүгінгі тәрбие сағатымызды аяқтаймыз. Мемлекеттік рәміздерді қадірлеу тәуелсіз Қазақстанның әрбір азаматының қасиетті борышы.

Мемлекеттік рәміздерді құрметтеу — елді, халықты, тарихты, әдет-ғұрыпты, салт-дәстүрді қастерлеу болып табылады.

Жүргізуші: Туымен — тұғырлы, Елтаңбасымен — еңселі, Әнұранымен айбатты ел! Қош сау болыңыздар.

**Гулдана Тилековна
ГАБДЕШЕВА,
№67 ЖББОМ КММ-нің тарих пәні
мұғалімі.
Ақтөбе қаласы.**

Бала – әлемнің сәні, өмірдің мәні

1-жүргізуші:

Бала — өмір, бала — бак, бала — бақыт,

Шаттығымен құяды санаға құт.

Өмір қызық думан ғой баламенен,
Жан дүниеңе жүрер нұр жағалатып.

2-жүргізуші:

Бала барда шаттықтың шырқауы кең,

Әсем ғой балалы ел гүл бағымен.

Бала — мәңгі бақыттың бастау көзі,
Бақытты адамдар тек ұрпағымен.

1-жүргізуші: Сіздерді 1 маусым — балаларды қорғау күнімен құттықтай отырып, «Қарлығаш» бөбекжай-бақша» бүлдіршіндерінің концерттік бағдарламасын бастауға рұқсат етіңіздер.

«Үйшік» ертегісінің желісі бойынша.



Автор: Ерте, ерте, ертеде, айдалада бір үйшік тұрады. Ол үйшік өте әдемі болыпты. Оған адамдардың бәрі келіп кіре алмай кетеді екен. Бір күні үйшіктің қасына бір қораз келеді қоқылдап: - Ку-ка-ре-ку, бұл үйде кім тұрады? Ой, қандай тамаша үй? Мен осы үйге орналасып алсам ба екен?

Автор: Мен сиқырлы үйшікпін. Сен маған ғажайып бір нәрсе көрсетіп таңқалдырсаң ғана бұл үйдің есігі ашылып, бұл үйге кіре аласың

Қораз ойланады: Қой, олай болса мен кішкентай балапандарымды шақырып келейін. Солар маған көмектесетін шығар бәлкім, - деп шығып кетеді.

«Балапан» тобының кішкентай бүлдіршіндерінің орындауында «Шөже-лерім» биі.

Үйшіктің есігі ашылып, Қораз кіреді.

Қоян келеді: Бұл үйде кім бар? Мен де тұрайыншы әсем үйде

Қораз: Мен сені кіргізер едім, бірақ бұл үйшік сиқырлы екен, көңілін көтермесең есігі ашылмайды

Қоян ойланып: Онда мен достарымды шақырайын, олар маған көмектесер мүмкін, - дейді.

«Ойыншықтар» әні орындалады.

1-бала:

Біз көңілді ұланбыз,
Ән шырқаймыз сайрандап.

Бақытты елде туғанбыз,
Жаз гүліндей жайнаған.

2-бала:

Ата — бабам аңсаған,

Тәуелсіздік таңы еді.
Құтты болсын тойымыз,
Балалардың мейрамы.

3-бала:

Қазақ деген жерім бар,
Өркендеген елім бар.
Кең жазира далам бар,
Біз бақытты балдырған.

«Орыс биі» орындалады.

Үйшікке Түлкі келеді құйрығын
бұлғандатып:

- Мына әдемі үйшікте кім тұрады?

Тук-тук.

Бұл үйде біз тұрамыз, Қораз, Қоян.

- Менде сендермен бірге тұрайын-
шы достар.

- Жоқ, сен бұл үйшікке кіре алмай-
сың, өз өнерінді көрсетсең ғана есік
ашылады.

Түлкі не істесем екен деп ойланып
тұрады да, шығып кетеді.

4-бала:

Біз балдырған баламыз,
Оттай лаулап жанамыз.
Бейбіт таңда бас қосып,
Шырқап әнге саламыз.

5-бала:

Балдырғанбыз бақытты,
Болашаққа сенеміз.
Ержүрек боп өскенде,
Ел қорғауды білеміз.

6-бала:

Балдай тәтті баламыз,
Ақылдымыз, данамыз.
Балалардың мерекесін,
Бірге қарсы аламыз.

7-бала:

Аспан ортақ, жер ортақ,
Көгімдегі күн ортақ.
Татулығы жарасқан,
Сәбилерге бәрі ортақ.

«Саңырауқұлақтар» биі орындалады.

Түлкі үйшікке кіреді.

Қасқыр келеді: Кім бар бұл үйшікте?
Мен де сендермен дос болайыншы, -
дейді.

- Бұл үйде біз тұрамыз, Қораз, Қоян,
Түлкі. Бұл үйшік сиқырлы екен, оны
таңқалатын өнерің болмаса кіре ал-
майсың.

Қасқыр ойланып, менің кішкентай
әнші достарым бар, олардың өнері бә-
рінді таңқалдырады, мен оларды ша-
қырып келейін.

«Балдырған» тобының өнерпаздары-
ның орындауында «Ағайынбыз бәріміз»
әні.

«Ламбада» биін тамашалаңыздар.

Ақбота мен Бауыржанның орын-
дауында «Біз өмірдің гүліміз» әні.

Қасқырға үйшіктің есігі ашылады.

Аю келеді үйшікке: Кім бар бұл үйде?

- Бұл үйде біз тұрамыз, Қораз, Қоян,
Түлкі, Қасқыр.

Аю: - Мен де сендермен бірге тұра-
йыншы осы әдемі үйшікте.

- Бұл үйшіктің есігі тек таңқалдыра
алсаң ғана ашылады. Қандай өнерің
бар?

Аю: - Ойпырмай, а, не өнер көрсет-
сем екен деп ойланып: - Мен кішкен-
тай достарымнан көмек сұрап келе-
йін, - деп шығып кетеді.

8-бала:

Ата-анамның менмін ғой болашағы,
Әдептілік балаға жарасады.

Жаксы азамат боламын өскенде
мен,

Балалар ғой елімнің болашағы.

9-бала:

Біз бақытты баламыз еркелеген,
Тындап өстік ән мен күй, ертегі,
өлең.

Туған жерді аймалап, самал лебі,

Отан-ана біздерді мәпелеген.

«Балдырғандар» әні орындалады.

«Қазақ» биі биші қыздардың орындауында.

Аю үйшікке кірмекші болады, бірақ сыймайды. Ол енді не істесем болады деп мұңайып отырады.

Балалар аю достарына көмекке келеді, оның көңілін көтермекші болып би билейді.

Бір топ ұл-қыздардың орындауында «Қонжықтардың бал жинауы» биі орындалады.

«Полька» биі орындалады.

«Екеуміз әйбат баламыз» әні орындалады.

Аю үйшіктегі барлық достарын шығарып, балалармен бірге барлығы ортаға жиналады.

«Әрқашан күн сөнбесін!» әні хормен айтылады.

Жүргізушілер: Құрметті қонақтар! Бүлдіршін балақайлар! Ардақты ата-аналар! Осымен бүгінгі **«Бала – әлемнің сәні, өмірдің мәні»** атты ертеңгілігіміз өз мәресіне жетті. Аспанымыз ашық болсын! Балаларымыздың жүздерінен күлкі кетпесін! Еліміз аман болсын! Жақсы күндерде жолыққанша сау-саламат болыңыздар!

Эльмира Манапқызы

ИСМАИЛОВА,

«Қарлығаш» бөбекжай-бақша»

әдіскері.

Н. Бекежанов ауылы,

Шиелі ауданы,

Қызылорда облысы.

«Жарайсыңдар» жұмыс сайысы

Мақсаты: оқушылардың зеректігін дамытып, ой-өрісін кеңейту, білімге құштарлығын арттыру, озық ойлы оқушыны анықтау. Ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыптармен байланыстыра отырып, қазақ ұлтына тән имандылық, ибалылық, үлкенге құрмет, кішіге ізет білдіруге, әдептілікке тәрбиелеу. Мектеп жасындағы жас жеткіншектерді халықтық педагогика бағытына тәрбиелей отырып, ұлттық сананы, халықтық қадір-қасиетімізді ерекше сезінуге баулу.

Көрнекілігі: сайысқа сай өткізілетін орынның безендірілуі, нақыл сөздер, шарлар, т.б.

Барысы:

1. Таныстыру
 2. Өз өнерін көрсету
 3. «Білгенге маржан...» (сұрақтарға жауап беру)
 4. «Кім жылдам?» спорттық ойындар
 5. Ситуациялық жағдайдан шығу
 6. Үй тапсырмасы «Шығармашылық жұмыс»
 7. Сән үлгісін көрсету:
 - а) Қазіргі заман киім үлгісі
 - б) Шаш үлгісі
 8. Қорытынды. Марапаттау
- Жүргізуші:** Армысыздар, өнер сүйер

қауым! «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер», «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» дегендей халқымыз жас ұрпақ тәрбиесіне көп көңіл бөлген. Ата-баба үрдісін мектеп-интернатымызда да басты назарда ұстап, түрлі тәрбиелік шаралар ұйымдастырылуда. Соның айғағы ретінде бүгінгі өткелі отырған **«ЖАРАЙ-СЫҢДАР!»** атты жұптық сайысқа қош келдіңіздер!

Жүргізуші: Құрметті көрермен қауым! Енді, сайысқа түсетін қыз-жігіттерімізді ортаға қол соғып, қошеметпен шақырайық.

Нұрлы үмітін арқалаған арқаға,
Жан сәулесін таратын баршаға.

Шын пейілмен құрметімізді көрсетіп,

Сайыскерлерді шақырамыз ортаға.

Жұптар ортаға бірінен кейін бірі шығады. Жүргізуші сайыскерлердің нөмірі мен аты-жөнін кезекпен айтып тұрады.

Жүргізуші:

Әрбір сайыс-жарыстарды бағалайтын,

Әрбір жанның өз өнерін даралайтын.

Сәлем бердік әділқазы алқасына,

Баға беріп, бал санаудан жаңылмайтын.

Сайысымызды бастамас бұрын **әділқазылар** алқасымен таныс болыңыздар.

Жүргізуші:

Өзін таныстыру сайысын біз бастайық,

Көрерменді бір серпілтіп тастайық.

Ата-анаң мен жеті атаңды атап шық,

Сайыскерлерді ду қол соғып қостайық.

Әр жұп өздерін **таныстырып** өтеді.

Жүргізуші:

Таңданайық өнерге тамсанайық,

Бәріміз де қосылып ән салайық.

Шабыттансын, көңіл көтерсін,

Өнерліні мадақтап жар салайық.

Сайысымыздың келесі кезеңінде әр жұп **өз өнерлерін** көрсетеді.

Жүргізуші:

Жарыста озып шығар жүйріктері,
Әрқайсысы бақтарынан көрер енді.

Қанеки, өрендерім, сайысқа шық,

Таң қалдыр, біліміңмен көрерменді.

Сайысымыздың келесі кезеңі **«Білгенге маржан...»** деп аталады. Бұл кезеңде сайыскерлеріміз өз білімдерін сынға салады. Жұптар кезектесіп сұрақтар алады. 1 үлестірмелі қағазда 2 сұрақтан болады. Бірі салт-дәстүрге байланысты болса, екіншісі еркін тақырыпта.

1. **«Байғазы»** деген не?

2. Қандай жілік қыз балаға берілмейді?

1. **«Сыбаға»** сөзін түсіндір.

2. Төс кімге тартылады?

1. **«Сонар»** деген сөзді қалай түсінесің?

2. «Төрт аяқтыда бота тату, екі аяқтыда бөле тату» деген сөздегі «бөле» кім?

1. **Шарғы** қандай дәстүр?

2. Қазақтарда үй иесінің атауы?

1. **Ерулік** қандай дәстүр?

2. Қалыңдықтың бас киімі

1. **Енші** және **жасау** деген қандай дәстүр?

2. Анаңның әкесі саған кім болады?

Жүргізуші:

Талаптың мініп тұлпарын,

Келдім міне, жарысқа.

Белгісіз кім ұтары,

Түстік міне сайысқа, - дей отырып, сайысымыздың келесі кезеңіне өтеміз. Ол **«Кім жылдам?»** деп аталады. Сайыскерлеріміздің ептіліктерін, жылдамдықтарын байқаймыз.

Жүргізуші:

Жан-жақты болу керек нағыз өрен,
Секілді өткір жүзді бейне ақберен.

Өнерлі, білімді де әрі батыл,
Өнердің әр саласын білер терең.

Сайыскерлеріміздің алдыңғы кезеңдерде білімділіктерін, ептіліктерін, өнерлерін тамашаладық. Өмірде адам басынан түрлі жағдайлар өтеді. Енді қыз-жігіттеріміздің осындай жағдайлардан қалай шығатынын байқап көрейік. Әр жұп өз сыңарларымен ақылдаса отырып, жағдайдан шығу жолдарын қарастырасындар.

Жағдаяттар:

1) Саған анаң өзі жұмыстан келгенше үйді жинастырып қоюды тапсырды. Сен достарыңмен ойнап жүріп, бұл істі ұмытып кеттің. Анаң жұмыстан келіп, өзі жинап, сыпырып қойды. Сен келгенде анаң ренжулі. Сенің әрекетің.

2) Бүгін анаң жақсы көретін тамағыңды жасап берді. Сен іні-қарындастарыңмен қосыла жедің де, даладағы ойынға қарай жүгірдің. Сен нені ұмыттың?

3) Сен өте асығыссың, себебі сабаққа үлгеруің керек. Кеше апайыңа «Енді кешікпеймін» деп уәде бергенсің. Көшеде келе жатып байқаусызда бала жетектеген қарияны қағып кеттің. Ол кісі құлап түсті, немересі қорыққанынан жылап жіберді. Сен не істейсің?

4) Сыныпқа кірсең, сенің сыныптасың біреудің сөмкесін ақтарып жатыр. Сен не істейсің?

5) Сыныптас досың үй тапсырмасының орындалмау себебін өтірік айтып, мұғалімді алдады. Сенің әрекетің?

6) Партада сенімен бір бала отырады. Ойнап-ойнап, тапсырмасын орындамай, жазбай келеді. Сабақты сенің

дәптеріңнен көшіріп алады. Бермесен «Сен сараңсың, арамсың» дейді. Сен не істеуің керек?

Жүргізуші: Сайысымыздың келесі шарты бойынша қыз-жігіттеріміз **үй тапсырмасын** көрсетеді. Сайыскерлеріміз үйден дайындап әкелген шығармашылық жұмыстарын таныстырып өтеді.

Жүргізуші:

Өзінің кім екенін танытатын,
Бойына ұлттық киім жарасқандай.
Қазақтың салт-дәстүрін дамытатын,
Болсайшы қыз-жігіттің бәрі осындай.

Сымбатына сән киім жарасатын,
Аспандағы айменен таласатын.
Өнеріне сәні сай келіп тұрған,
Жастарымызға қызыға қарасасың.

Сайысымыздың шарты бойынша қыз-жігіттеріміз алдымен **ұлттық киім үлгісін**, содан кейін **қазіргі сән үлгісін** көрсетеді.

Жүргізуші:

Ата-баба дәстүрін ұмытпайық,
Ұл-қызымыз салтымызға болсын лайық.

Болашағы елімнің жарқын болсын,
Ұрпағы бүгінгінің бас қосайық - дей отырып, ендігі сөз кезегін әділқазылар алқасына береміз. Әділқазылар өзара пікірлесіп, қорытынды жасаймыз дегенше, кезекті әсем әнге береміз.

**Жұлдызай Такирқызы
ЕСҚАРАЕВА,**

**№6 есту қабілеті бұзылған балалардың арнайы (түзету) мектеп-интернатының тәлімгері.
Қызылорда қаласы.
Қызылорда облысы.**



Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері журналы

Құрметті оқырман қауым!

Қолдарыңызға тиіп отырған журнал мектеп, мектепке дейінгі, арнайы, жоғары оқу орындары мұғалімдері мен оқытушыларына, жалпы оқырмандарға арналған. Журналға «Казпочта», «Ернұрпресс», «Евразия Пресс», «Эврика-пресс» арқылы жазылған тиімді. Жазылу ай сайын жүргізіледі.

Индекс 75489

**Қиып
алыңыз да,
жазылыңыз!**

		Басылым индексі АБОНЕМЕНТ																													
«Мектептегі мерекелер тәрбие жұмыстарының сценарийлері»		75489																													
Комплекті саны																															
2023 жылға, айлары																															
<table><tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr><tr><td>кайда</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr></table>																	кайда														
кайда																															
		(почта индексі)		(мекен-жайы)																											
кімге		(аты, жөні)																													
ПВ		орны		Тасымалдау карточкасы 75489 Басылым индексі																											
Бағасы		Жазылу мекен- жайын өзгерту		...тенге ...тиын		комплекті саны																									
2023 жылға, айлары																															
<table><tr><td>1</td><td>2</td><td>3</td><td>4</td><td>5</td><td>6</td><td>7</td><td>8</td><td>9</td><td>10</td><td>11</td><td>12</td></tr><tr><td>кайда</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr></table>								1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	кайда											
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12																				
кайда																															
кайда				(почта индексі)		(мекен-жайы)																									
кімге				(аты, жөні)																											

